Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 17 (450)
28 сәуір, 2022 жыл

Фатима КУЛИБАЛИ, актриса:

ЖАҢЫ ДА, ТӘНІ ДЕ ТАЗА КІСІ ЕДІ

Жуырда Youtube арқылы көрерменге жол тартқан «Аппақ келін» сериалының қаралымы артып, кино кеңістікте сұранысқа ие болып тұр. Лия есімді қара нәсілді қыздың қазақ отбасына келін болғаны кімді болсын қызықтыруда. Лияның әр күні шытырман оқиғаға толы. Қазақы әдет-ғұрыпты бойына сіңірген кинодағы келіннің шын есімі – Фатима Кулибали. Сериал арқылы Фатиманың танымалдығы күн санап артып келеді. Шынтуайтында актриса келіндік өмірден алшақ. Желіде жұлдызға айналған Фатиманың шын өмірін оқырманға ұсынсақ.

Атақты мұрат етпеген аңыз адамдар қаншама. Сырдың сандуғашы, халқының еркесі, қазақ ән өнерінің жұлдызы, әнші Роза Бағланованың өмірі өзгелер үшін өнегеге толы болса, өнері әлі күнге дейін өлмей келеді. Шын талантқа берілген уақыт пен тарихтың бағасы шығар. Республика көлемінде әншінің 100 жылдық мерейтойы атап өтілуде.

«ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІ ҮЛКЕН ФИЛОСОФИЯ»

Көпшілігі Фатиманың қазақ ұлтына қатысы бар ма деп сұрайды. Алайда кейіпкеріміздің әкесі – африкалық. Мали елінің тумасы болса, анасы Талдықорған қаласынан, ұлты орыс екен. Қос ғашықты тағдыр қосып, Фатима Қазақстанда, Алматы қаласында дүниеге келген.

– Әкем білімді, белсенді азамат болған. Жас кезінде оқудың соңына түсіп, түрлі бағдарламаларға қатысады. Нәтижесінде шетелге шығу бұйырыпты. Алдымен Мәскеу қаласына қоныс аударып, біршама уақыттан кейін Алматыға ауысуға тура келіпті. Бәлкім бұл тағдырдың сыйы шығар. Алматы қаласында жүріп анаммен танысады. Анам орыс ұлтынан. Нағашылары татар. Екеуі Ауыл шаруашылығы институтында бірге оқыған. Уақыт өте бір-бірін ұнатып, отау құрған. Балалық шағым бақытқа толы болды деп айта алмаймын. Өйткені ауладағы балалардың барлығы мені мазақ ететін. Ойын баласы болған соң дос тауып, бірге ойнағың келеді. Алайда шыға қалсаң «қараңдар, қара қыз келе жатыр» деп күлетін. Ес біліп, үлкен өмірге аяқ басқанша көршілерім «қара қыз» деп атап кетті, – дейді Фатима.

Кейіпкеріміз еңбекке ерте аралысыпты. 17 жасында сән әлеміне келіп, алғашқы табысына қол жеткізген.

– Алматы – мүмкіндіктер мекені. 17 жасымда сол сөздің мағынасын түсіндім. Бойымдағы ерекшелікті пайдалануым керек болды. Ойлана келе сұлулығымды сән әлемінде сынаймын деп шештім. Модель болуға барынша талпынып, арнайы мектептерге бара бастадым. Сән әлеміндегі ұстаздарымнан көп нәрсе үйреніп, алғашқы табысымды таптым. Ерекшеліктің арқасында үлкен жобаларда жұмыс істедім. Шыны керек, үлкен өмірде қара қыздың мүмкіндігі көп болды. Соның бірі – ресейлік әнші Jony (шын есімі Джахид Афраил оглы Гусейнли) «Комета» әнінің бейнеклипіне түсуге мүмкіндік туды. Бұл да бір қызық оқиға болды. Мейрамханада

кофе ішіп отырғанмын. Бір жігіт жаныма келіп, «сізбен суретке түссем бола ма» деп сұрады. Мазам болмай отырып, амалдың жоғынан келісімімді бердім. Суретке суық көзқараспен түстім. Сөйтсем, әлгі жігіт танымал әнші Jony-дың көмекшісі екен. Екі күн өткен соң белгісіз бір нөмір телефоныма қоңырау шалып, бейнеклипке түсуге шақырып тұр. Өз-өзіме сенбей түсірілім алаңына бардым. Алаңда танымал Jony-дың өзі қарсы алғанда да өңім екеніне сенбедім. Екеуміз сомдаған бейнебаян 25 млн қаралым жинап, ТМД көлемінде үздіктер қатарына ендік. Өйткені Jony-дың «Комета» әні барлық елдерде хитке айналған еді. Клипке түскенім үшін жақсы жалақы алдым, – дейді кейіпкеріміз.

Бір ғана бейнеклиптен кейін Фатиманың өмірі 180 градусқа өзгеріпті. Әртүрлі түсірілімге жиі шақырту ала бастапты. Соның арасында «Аппақ келін» веб-сериалы бар.

– Кино арқылы қазақтың түрлі салт-дәстүрін үйрендім. Келіндік өмірдің қаншалықты қиын болатынын да сериал арқылы сезіндім (күліп). «Аппақ келіннен» кейін көшеде көп адамдар танып, суретке түседі. Олардың жылы лебізіне қарап, веб-сериалдағы кейіпкерге ерекше құрметпен қарайтынын аңғардым, – дейді Кулибали.

Бұл ретте кейіпкеріміз әр халық өзінің тілімен, дінімен, атауымен және салт-дәстүрімен ерекшеленетінін, соның ішінде қазақ халқының ежелден салт-дәстүрлерін заңда жазылған ережедей сақтайтынына, әр қадамында жасалу керек ырым-жоралғыларын өз ретімен орындайтынына тоқталды.

– Қазақ халқын ерекше құрметтеймін, ал махаббатым тіптен өзгеше. Қазақ өміріндегі күллі дәстүр мені тамсантады, себебі оның әрбірінде үлкен философия жатыр. Шыны керек, осы сериалға түсу барысында көп нәрсеге қанық болып, білмегенімді үйрендім. Келін кішіпейіл болуымен сүйкімді екеніне көз жеткіздім. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін келіннің шаңырағын береке пен бақ күзететіні де сериалда көрсетілді. Жаңа түскен келіннің басына ақ орамал текке жабылмайтыны да таңдандырды. Бұл салт ақ жаулық келіннің бұдан кейінгі өмірдегі серігіне айналсын деген ниеттен туындаған. Ол – тазалық пен қазақи мәдениеттің бір көрінісі. Бұдан бөлек, қазақ халқында бір ғана шай берудің түр түрі бар. Мысалы, көңіл шай, күзем шай, келін қолынан шай ішу, тәтті шай, шашу шай деген секілді. Осылардың әрқайсысының өзіндік реті, мәні бөлек. Бұл орайда қазақ халқының қонақжайлығы, даналығы, жанашырлығы барлық әлемге үлгі дер едім, – дейді ол.

Сондай-ақ Фатима Қазақстанда барлық ұлт өкілдеріне мүмкіндік екенін алға тартты. «Қазақстанда дүниеге келгендіктен өзге елде өмір сүруді елестете алмаймын. Жанға жайлы жері мен халқы бар. Жайлы болғандықтан бүгінде 140-тан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Соның бірі – мен. Мен қазақ елінде дүниеге келгенімді мақтан етемін», – деп қорытындылады сөзін кейіпкеріміз.

Ерасыл ШӘРІБЕК

Осы орайда аңыз тұлғаның жалғыз ұлы Тәженнің жары, келіні Марал Бағлановамен әншінің өмірі мен әдемі естеліктері жайлы әңгіме құрған едік.

– Марал, қайырлы күн! Роза Бағлановаға қалай келін болдыңыз?

– Мен Меркінің қарапайым ғана қызымын. Қарапайым отбасында өсіп, тәрбиеленгенмін. Өзім бес жаста, інім тоғыз айлық кезінде анамыздан айырылып қалдық. Мені әкемнің анасы, әжем тәрбиеледі. Кейіннен оқуға тапсырып, Алматыдағы педагогикалық училищені бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша қызыл дипломмен аяқтадым. Әрі қарай ҚазҰҚызПУ-ға сырттай оқуға түстім. Оқимын, өз еңбегіммен ақша табамын деп жүрген кезіміз. Сол жылдары жақын құрбымның әпкесі Роза Тәжібайқызының костюмершасы болып жұмыс істейтін еді. Бір күні ол Роза апайдың үйіне хабарласып, бір жағдайды ескертуімді сұрады. Қоңырау шалғанымда тұтқаны оның ұлы Тәжен көтерді. Сол сәттен бастап таныс-біліс болып кеттік. Ұзақ уақыт бойы сөйлесіп жүрдік.

Бір күні бізді Роза Тәжібайқызы үйіне түскі асқа шақырды. Апамыз үлкен үстелге дастархан жайыпты. Мен үстелдің бір басында, ол екінші басында отырдық. Байқасам, сыпайы түрде мені сұрақтың астына алып отыр. «Қайда жұмыс істейсің? Жасың нешеде? Қай жақтансың? Немен айналысасың?» деп бәрін сұрады. Сол күнгі кездесуден кейін ол ұлына қайта-қайта мен туралы айтыпты. «Оған ұсыныс жасадың ба? Неге әлі жүрсің? Оны жіберіп алсаң, сені кешірмеймін» дейтін көрінеді. Оны түсінуге де болады. Апам ол кезде сексенге келіп, 30 жастағы ұлының отбасылы болғанын, ұрпақ жалғастырғанын көргісі келді. Сонда мен жиырмадамын. Біраз сөйлесіп жүріп, 26 қыркүйек күні алғаш рет кездескеніміз есімде. Ал 29 қыркүйек менің туған күнім еді. Тәжен арнайы келіп, гүл сыйлап кеткені бар. Осылайша жарты жылдай сөйлесіп жүріп, апамыз асықтырған соң, отбасы құрдық. Мен енді ғана 21-ге толған қызбын. Жалпы мен үшін арты тойға, отбасы құруға ұласқан сол кездегі оқиғалар, кездесулер тағдырдың сыйы сияқты. Күтпеген жерден өмірімде бәрі өзгеріп кетті. Маған әсер еткені, ерекше ұнағаны – Тәженнің қарапайымдылығы, өзін ұстай білуі. Баршылықта өскен қаланың баласы, не ішем, не жеймін деп көрмеген атақты әншінің жалғыз ұлы бола тұра өзінің қарапайым болмысын сақтап қалғаны жүрегімді жаулап алды. Өркөкіректікті ұнатпаймын. Жанымдағы адамдарды да осы қасиетіне қарап, жақын көремін.

– Өзіңіз де Сырдың қасиетті топырағынан тамыр жайған екенсіз...

– Иә, көбісі білмеуі мүмкін. Меркіде тұрақтап қалсақ та, ата-әжем, арғы тегім Сыр өңірінен шыққан. Атам Аралдың тумасы болса, әжем Қазалының қызы. Кіші жүзден тарадық. Балалық шаққа көз жүгіртсем, Меркідегі үйімізге Арал, Қазалыдан үнемі қонақтар келіп жататыны ойға оралады. Есімнен кетпейтіні – қауынқақ пен «Қазалы» кәмпитінің дәмі. Үйге келгеннің бәрі талқан, сөк, құрт алып келеді. Баламын ғой, тәттіден басқа ештеңе керек емес. Осылайша қауынқақ пен кәмпиттің дәмі әбден аузымда қалған. Қазір де Қазалыға, Қызылордаға келген сайын «Қазалы» кәмпитінен бірнеше қалта етіп алып кетемін.

Тойымыз біткеннен кейін жақын танысып, арғы тегімізді білісе келе апам «Келінім өзімнің топырағымнан екен. Құдалар жерлестерім ғой» деп әбден қуанды. Сол кезде көз жасына ерік беріп, айналып келіп өз жерінен қыз алғанына мақтанып тұрғанын жасырмады. Сұрастыра келе өз әжемнің апаммен Қазалыда, бір мектепте оқығанын білдім. Әжем апамыздан 4 сынып төмен оқыған екен. «Роза оқушы кезінен-ақ ән айтып, елді аузына қаратушы еді. Оған қарап таңқалатынбыз. «Артис Роза» деп атап кеттік» дейді әжем.

– Апамыз қандай адам еді?

– 21 жасымда келін боп түсіп, апаммен бірге 11 жыл тұрдық. Апам бір ғасыр өмір сүрген адам ғой. Жаны да, тәні де таза кісі еді. Тіпті, ауырып қиналып жатқан кезінде де өзін таза ұстайтын, тазалықты сүйетін. Ешкімге жамандық ойламайтын. Адамдарды бір қарағаннан-ақ сканерден өткізгендей кімнің кім екенін, жақсы мен жаманды тани алатын. Апам екеуміз бірден тіл табысып кеттік дей алмаймын. Келе салып керемет болдым десем, өтірік болар. Әр адамның өзінше мінезі болады. «Бақ бергенше, сана бер» деген сөз бар. Осы сөзді ұран еттім. Өйткені баршылық та, байлық та кез келген сәтте жоқ болуы мүмкін. Ал адамда сана болса, бәрін де қайтаруға болады.

Роза Бағланованың мінезі темірдей еді. Менің де өжеттігім бар. Алғашқы төрт жыл үйренісе алмай жүрдік. Қанша жыл бойы екеуі ғана өмір сүріп келген анасы мен ұлының өмірі мен келген соң түбегейлі өзгеріп кетті. Кейін балаларым дүниеге келді. Үйде балалардың күлкісі естілгенде анамыздың бақытында шек болмады.

– Естеліктер ескірмейді дейсіз ғой...

– Әрине, апам туралы айтылар әңгіме, бірге кешкен ерекше сәттер, оқиғалар да көп. Өткен аптада орталық алаңда ескерткіштің ашылуы кезінде туған жері Қазалыдан ата-әжелер келді. Олардың жүрекжарды тілектерін, күзде ауылда дүркіретіп тойлаймыз дегендерін естіп, дайындықтарынан хабардар болғанда қатты толқыдым. Сол жерде өзіме уәде бердім. Не болса да, осы шаралардан кейін үйге барып, жоспар құруым керек. Апам жайлы естеліктерді жазып, біраз жыл бұрын қолға алған кітапты күзге дейін аяқтауға тиіспін. Күзде туған жерінде қарияларға тұсауын кестірсем деп жоспарлап отырмын. Ата-әжелерді көргенде сондай ой келді. Апам қайтыс болған кезде отбасылық, ана мен келін арасындағы естен кетпес естеліктерді жазып бастаған едім. Қайтқанына қырық күн болмастан жазып жүрдім. Қайтыс болған адамның рухы қырық күн ішінде үйінен кетпей, аралап жүреді деп жатады ғой. Оның бөлмесінде отырып, ойымды теремін. Сонда апамның демі сезілгендей, өзі қасымда жүргендей болды. Жолдасыма айтсам, мен сенен қорқамын дейді. Біразға дейін апам жайлы жиі түс көріп жүрдім.

Апам төсек тартып, біраз ауырды. Бірге кешкен он бір жылымыздың соңғы 4 жылында денсаулығы сыр берді. Ауруға өте шыдамды адам еді. Сонысына таңданып қарайтынмын. Бірақ артынан ойласам, соғысты, ашаршылықты, талай нәубетті көрген адамның ауруға оңайлықпен мойын бұрмауы заңды секілді. Шын мәнінде алғашқы жылдары апамның өлімін қабылдау қиын болды. Бөлмесіне кіргім келмейді, жолда, көліктерде радиодан оның дауысы естілсе, жылап жіберетінмін. Отбасымыз үшін сондай қиын кез. Немерелері де оның бөлмесіне кіргісі келмейтін. Бәрі апамызды еске түсіреді. Сөрелерден, қолданған заттарынан өзіне ғана жарасатын әдемі әтірінің иісі шығып тұратын. Апам қайтқан соң ол үйде тұра алмадық, кейін отбасымызбен Астанаға көшіп кеттік.

– Сұқбатыңыз үшін рақмет!

Әңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

Baspasózge jazylý – 2022
6 айға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425
40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады

ROZA BAĞLANOVA – 100

“Ақмаңдайлым” әуелеген күн

Қазақ өнерінің маңдайына біткен бұлбұл құсы, Сырдың сұлу әнші қызы, аңыз адам Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы туған жерінде аталып өтті. Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ұйымдастырылған «Қазақтың қаһарман қызы» атты ән кешін әнші Нұрлан Албан мен Айгүл Иманбаева жүргізді. Мерекелік концерт Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің орындауындағы күймен ашылды.

Оркестрге мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, бас дирижер Абылай Тілепберген дирижерлік жасады.

Алдымен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев танымал өнер жұлдыздарымен кездесіп, Халық қаһарманы, қазақтың бұлбұлы атанған Роза Бағланованың ізін жалғап, әндерін насихаттауда өнер иелерінің айрықша орны бар екенін жеткізіп, ілтипатын көрсетті.

– Айтулы концертте қазақтың ән өнерін асқақтатып, ұлт мәдениетін көтеруге еңбек сіңіріп жүрген сіздердің өнер көрсетулеріңіз Сыр жұртшылығы үшін үлкен мақтаныш деп білемін. Бүгін Сыр елінде ән мен өнер мерекесі ғана емес, ұлт руханиятының жаңғырған күні десе де болады. Сіздер барда ән падишасы, қазақтың қаһарман қызы Роза Бағланованың есімі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні сөзсіз, – деді Н.Нәлібаев.

Алғаш боп әнші Бауыржан Исаев Ескендір Хасанғалиевтің «Әдемі-ау» әнін айтса, ары қарай «Асыл арманымен» жалғады. Халық әні «Ахау керімді» орындаған халқының ерке қызы, әнші Гүлнар Сиқымбаева кеш қонақтарының жүрек қылын тербеп, Роза апамыздың өзі өмір сүрген кезеңге апарғандай болды. Сұлушаш Нұрмағамбетова «Сәулем-ай» әнін орындаса, Нұрлан Албан елінің өз ұлы Шәмшінің әндерін тарту етті.

«Елімнің бір еркесі мен боламын» деп ән салған Айгүл Иманбаеваның өнерін өңір халқы жылы лебізімен ерекше бағаласа, Жеңіс Ысқақова Роза Тәжібайқызының әйгілі «Ақмаңдайлымын» әуелетті. Жүректерді тербеген ән легі қызылордалық ақын Мақсат Дауылбайдың Сырдың сандуғашына арнау өлеңімен жалғасын тапты. Концертте одан бөлек Қазақстанның халық артисі Нұрғали Нүсіпжанов, Алтынбек Қоразбаев, Игорь Благодарный, Асхат Үрпеков, Зарина Жакенова сынды артистер мен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі өнер көрсетті.

«Апаммен Арменияға гастрольдік сапарға бірге шықтық. Бірнеше рет жолықтық, кейін бір ұжымда қызмет жасадық. Ол туралы қызықты әңгімелер, естеліктер көп-ақ. Бірақ апамның өнерге, сахнаға деген адалдығы өне бойынан көрініп тұратын. Концертке дейін 6-7 сағаттап тамақ ішпей жүре беретін, қашан көрсең де аяғынан шашының ұшына дейін ретке келтіріп, өзінің сүйікті әтірін сеуіп, гүлдей жайнап, жан жағына сырт келбетімен де, ішкі көңіл-күйімен де шуағын шашып жүруші еді. Қызылорданың ғана емес, қазақтың қызы ғой. Дегенмен осы кешке әнмен сусындаймын, Розаның әнін тыңдаймын деп келген қызылордалықтарға алғысым шексіз. Мерейтой құтты болсын!», – деді сазгер, әнші Алтынбек Қоразбаев.

Айта кету керек, қазақ өнерінің біртуар әншісіне арналған әдемі ән кеші Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өтті. Ән падишасы Роза Тәжібайқызының әндерін сағынған көрермен өнер жұлдыздары мен концертті ұйымдастырушыларға қошеметін аямады. Өзі жоқ болса да, өнері мәңгі өмір сүріп жатқан Роза Бағлановаға көрсетілер құрмет мұнымен аяқталмайтыны анық.

Дина БӨКЕБАЙ

PRES-TUR

Білім алаңындағы белес

Жаңақорған жұртының тыныс-тіршілігі көпке мәлім. Тынымсыз еңбекпен тірлігіне береке енгізген мұндағы халық әлі күнге өзгелерге үлгі болып келеді. Жуырда облыстық білім басқармасы Жаңақорған ауданында пресс-тур өткізіп, БАҚ өкілдері білім саласындағы жаңа жобалармен танысып қайтқан еді.

Бүгін ғылым мен техниканы қатар ұштастырған аудан жетістіктерін сөз етпекпіз.

Аудандағы алғашқы аялдама – Жайылмадағы №195 мектеп-гимназиясынан басталды. «Дебат және Біз» тақырыбында өткен облыстық семинар аясында «Ұшқыр ой алаңы» дебат сыныбының ашылу салтанаты өткізіліп, аудандық «Алтын ғасыр» оқушылар дебат клубы құрылды. Облыстық семинарға аудандық білім бөлімінің басшысы Болат Ибрагимов және мектеп директорлары қатысты. Семинар қатысушыларына мектептің домбыра үйірмесі өнер көрсетіп, Балалар жылына орай жасалынған оқушылар көрмесі таныстырылды.

– Ауданымызда осы кезге дейін түрлі деңгейде оқушылар арасында дебат сайыстары ұйымдастырылып, шәкірттеріміз облыстық, республикалық деңгейдегі бәсекелерде үздік атануда. Осы тұрғыда бұл жұмыстарды одан әрі жаңғырту үшін “Алтын ғасыр” дебат клубын құрдық. Мұнда әр білім ошағында үздік деп танылған оқушылар дебат сайысына машықтанып, түрлі сайыстарда аудан абыройын қорғайтын болады, – дейді Болат Мақсұтұлы.

Жайылма ауылдық округындағы білімнің қара шаңырағы атанған мектеп бүгінде министрлік бекіткен төрт жобаны тиімді жүзеге асыруда. Соның ішінде оқушылар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бук-трейлерден TEDx форматында оқыған кітаптарын талдап, таныстырылым жасады. Мұнан соң, «Мектеп театры» жобасы бойынша 3 сыныптың оқушыларынан құралған «Қуыршақ» театры орыс халқының «Үйшік» қойылымын қойып, қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады. Шара соңында аудандық білім бөлімінің басшысы Болат Ибрагимов мектеп басшылары мен ұстаздарын аталмыш төрт жоба бойынша тұрақты түрде жұмыс жасауға шақырып, тәжірибе ретінде басқа білім ошақтарына таратылуы қажеттігін атап өтті.

Бүгінде Жаңақорған ауданында 4 жекеменшік мектеп жұмыс жасауда. Соның бірі – кент орталығында 2021 жылы ашылған 500 орындық Жұмаділла Өскенбайұлы атындағы дарынды балалар жеке мектебі. Бүгінде білім ордасында 51 жоғары санаттағы мұғалім 1-4 сынып бойынша 282 оқушыға білім беруде. Білім ошағында сабақтан тыс уақытта оқушылар үшін би, таэквондо, шахмат, ментальді арифметика, баскетбол секілді үйірмелер жұмыс істейді.

Кәсіптік білім беру көшінде 60 жылдық тәжірибесі бар Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің жас мамандарды даярлауда орны ерекше. Бүгінде колледждің базасы жаңа келбетке ие болып, білім беру үрдісінде жаңа сапаға көтерілген. Жаңарған білім ордасының оқу ғимараттары мен жатақханасы заман талабына сай жабдықталған. Асхана, тігін цехы, кітапхана, тренажер залы, мәжіліс залында студенттердің практикалық білім алуына жан-жақты жағдай жасалынған.

Бүгінгі таңда колледжде 19 мамандықты оқытуға арналған жаңа оқу-техникалық құралмен жабдықталған алты шеберхана мен алты зертханада жұмыс жасауда. Сондай-ақ колледж 2018 жылдан бері «Дуалды оқыту» жүйесіне көшіп, білім алушылардың теориядан гөрі тәжірибе алмасуына баса мән беруде.

Колледждегі басты жаңалық – оқу ғимараттары күрделі жөндеуден өтумен қатар, «Жас маман» жобасы аясында соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған. Құрылғылар тізімінде виртуалды автокөлікті диагностика, көлік желдеткішінің ақауларын анықтаушы, көлік моторларынының ақауын тез анықтаушы секілді халықаралық стандартқа сай заманауи әрі цифрлы технологиялар бар. Демек, колледждің оқу процесі алдағы уақытта мүлдем жаңа деңгейге көтеріледі. Сонымен қатар жаңа технологияны меңгеру үшін колледжде 27 станокты «Тігін цехы» өндіріс үшін жұмыс жасауда. Яғни тігін мамандығында оқитын студенттерге оқытушылар сабақты цехта өткізіп, тігін тігу әдістерін іскерлік тұрғыда меңгертіп қана қоймай, кәсіпкерлік бағытта түрлі бұйымдарға тапсырыс қабылдап, жұмыс істейді. Сондай-ақ 200 адамға арналған асханада аспаз мамандығындағы студенттер бірлесе кешенді ас дайындап, түрлі кондитерлік өнімдер шығаруда. Бұдан бөлек, кәсіптік тұрғыда шыңдайтын арнайы зертханалар бар

Қазіргі таңда Жаңақорған ауданында үш мектеп пен балабақша құрылысы жүргізілуде. Бір ай уақыт бұрын іргетасы қаланған Ипподром мөлтек ауданындағы 300 орындық мектепті мерзімінен бұрын биыл аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ кент орталығындағы 600 орындық №169 орта мектеп құрылысы бітуге жақын. Ал Жаманбай батыр ауылында 90 орындық балабақша құрылысы басталады деп күтілуде.

Г.ЖҰМАДИН

Білім орда мекені – ҚазҰУ

Қаржылық сауаттылық ақшаны басқару және қарыз алу, инвестиция, несие секілді әртүрлі іс-әрекетті қамтиды. Тіпті ежелден қаржы ұғымы адам өмірінде шешуші рөл атқарады. Жеке қаржыны басқарудан бастап акцияларды инвестициялауға дейінгі қадам бізге жақсы өмір сүруге көмектеседі. Сонымен қаржы біздің өмірімізде қандай рөл атқарады?

Дәл осы сұрақтың жауабын 4 жыл бойы білім нәрімен сусындаған мекеннен іздедім. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің 4 курс студентімін. Бала кезімнен кәсіпке қызығып, идеяны қалай және қай бағытта жүзеге асыруға болатынын ойлағандықтан таңдауым жүйелі болды. Мектеп бітіретін шақта кәсіп бағытында іздену үшін ҚазҰУ-ды тандадым және бұл таңдаудан жаңылыспадым деп санаймын.

Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек. Бірі жар таңдау болса, екіншісі мамандық таңдау. Яғни, таңдаған мамандық өмірлік табысымыз екенін есте ұстаған жөн. Бүгінде мамандық таңдауда қателеспегеніме көзімді жеткіздім десем болады. Ол үшін ұстаздарыма алғыс айтамын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 16 факультеті бар. Әрбір факультеттің жеткен жетістіктері айтарлықтай. Осы 16 факультеттің университетті биікке жетелеуде үлесі зор.

Көрсеткіштің көшбасшысы – білім ордамыздың QS STARS «5 ЖҰЛДЫЗ» белгісіне ие болуы. Халықаралық рейтингтік агенттіктің жүргізген бағалауы нәтижесінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары баға алды. «Бес жұлдыз» марапатына ие болып, Орталық Азия аймағындағы мұндай көрсеткішке қол жеткізген алғашқы және жалғыз жоғарғы оқу орны болды.

Білім беру бағдарламасы әлемдік университеттерден қалыспайтын оқу орнында білім алғаныма мақтанамын. Кез келген қиындыққа төтеп беруге, мамандыққа деген махаббат оянуына септескен ҚазҰУ әрқашан қарыштай берері сөзсіз.

Сапалы білім алып, кәсіби маман атану үшін сен де, жас түлек, біздің қатарға қосыл!

Айзада ИБРАКИМҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қаржы» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушысы Актуреева Э. А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қаржы және есепка кафедрасы

Сотқа дейінгі хаттама

Бүгінде әділ сот жүйесін қалыптастыру, сот процесіндегі өзгерістер енгізу арқылы ашықтыққа қол жеткізу заман талабына айналды. Қоғамның да қалауы мен талабы осы бағытпен үндес екені анық. Осы орайда өткен жылы ҚР-ның Азаматтық процестік кодексіне енгізілген «сотқа дейінгі хаттама» ұғымы салаға серпін берген бастама қатарында. Себебі сотқа дейінгі хаттама тараптарға екінші тараптың ұсынған дәлелдемелерін білуге, өзара пікір алмасуға және туындаған дауды бітімгершілік жолмен шешуге жол ашады.

Бұл процестің ерекшелігі де жоқ емес. Құзырлы орган сотқа дейінгі хаттама жасаудың тиімділігін түсіндіріп, тараптарға татуластыру рәсіміне қатысуға арналған келісімді жібереді. Сондай-ақ,азаматтық іс қозғау, істі сот талқылауына дайындау және қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы ұйғарым шығарады. Жалпы азаматтық іс қозғалған кезден бастап келесі күннен кешіктірмей, тараптарға шақыру жіберіледі.

Кейін сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласуды түсіндіріп, тараптардың пікір нақтыланады. Сотқа дейінгі хаттаманың үлгісі ұсынылып, оны жасау үшін мерзімі белгіленеді. Тараптарға татуластыру рәсімін, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама жасай отырып, медиаторды немесе өкілдерді шақыру құқығын түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Егер тараптар 10 жұмыс күні ішінде сотқа дейінгі хаттама жасамай-ақ татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы өтініш жасаса, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарылады.

С.ӨМІРСЕРІКОВА,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Даулысында ел ұлттық ән сөз

Үнді қызы Айшани Даттатрея қаладағы Назарбаев зияткерлік мектебінде білім алуда. Жуырда ғана әлемнің үздік дауыс иесі атанған оның ән қоры қазақ музыкасымен толыққан. Ұлттық музыкаға ерекше өң беріп, дәстүрді дәріптеген жас дарынмен мереке қарсаңында тілдесіп, қазақ халқына деген ықыласын білген едік.

Айшанидың әкесі – үнді ұлтынан, ал анасы – Арал ауданының тумасы. Жұмыс барысымен Қазақстанға қоныс аударған үнді азаматы қазақ қызымен отау құрған екен. Бүгінде Сыр өңірінің тұрғындарына айналған бұл отбасында Айшани екі ағасымен бірге қазақы құндылықтармен танысуда.

Енді байқау барысына тоқталсақ. Таяу Шығыстың ең жарқын мегаполисінде Қазақстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей, Кувета, Үндістан және басқа елдердің шығармашылық ұжымдары мен солистері бас қосқан. Дубайда өткен халықаралық музыка және би байқау-фестивалінде Айшани Даттатрея үздіктер қатарынан табылып, бірінші орынды жеңіп алды.

– «Вокалдық өнер» номинациясында менімен бірге 50 өнерлі жас жүлделі орынға таласты. Бұл байқауға дайындықты бір ай бойы жүргіздік. Мен танымал «Голос Дети» шоуының жеңімпазы Алиса Кожикина мен американдық әнші Адам Ламберттің репертуарындағы әндерді шырқадым. Жалпы вокал жанры бойынша бес жасымнан бастап білім алдым. Бірақ қазір тек мектеп пәндеріне баса назар аударудамын. Алайда менің репертуарымда ән саны жеткілікті. Соның ішінде Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» және «Құсни-Хорлан», «Қазағымсың» әндері бар, – дейді ол.

Қазақ жерінде туып өскен үнді қызы қазақ әндерін ерекше жақсы көретінін айтады. Әсіресе ол ұлы Абайдың өлеңдеріне жазылған музыкалық әуендерді сүйсініп шырқайды.

– Менің музыка әлеміне деген қызығушылығым ерекше. Көп жағдайда орыс, украин, ағылшын, француз, хинди және қазақ тіліндегі әндерді орындаймын. Ең ұнайтыны – қазақ халқының композициялары. Сондай-ақ маған қазақтардың көрімдік, беташар сынды түрлі бағыттағы дәстүрлері ұнайды. Әрі ет тамағын сүйсініп жеймін, – дейді жас әнші.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Татулық - достықтың киелі бесігі

Оқырмандарды Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын! Бұл – жарқын әрі мейірімді мерекелердің бірі. Достық пен сыйластық, ынтымақ мерекесі.

Өңірлік Ассамблея жастар ұйымы бірлік пен достықтың нығайып, берік болуына өз деңгейінде атсалысып келеді. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың арқасында бізді болашақта бұдан да жарқын, баянды күндер күтіп тұрғанына сенімім мол.

Елена ПАК,
Облыстық ҚХА жанындағы «Ассамблея жастары» жастар ұйымының жетекшісі

Ел бірлігі – ел теңдігі

Құрметті қызылордалықтар! Баршаңызды келе жатқан бірлік мерекесімен құттықтап, амандық, береке және жарқын болашақ тілеймін!

Ел бірлігі, достық пен бауырмалдық – татулықтың темірқазығындай ең басты құндылығымыз. Мемлекетіміздің қарқынды дамуы жалпұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің арқасы деп білемін. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз аман болсын. Әрдайым бірлігіміз бекем, еліміздің еңсесі биік болғай!

Алина НОВИКОВА,
Облыстық ҚХА жанындағы «Ассамблея жастары» жастар ұйымының белсендісі

Бірлігіміз жарасқан

Тұғыры тыныштық, тірегі тұрақтылық, тілегі татулыққа негізделген елдің болашағы кемел болады емес пе?! Менің кіндік қаным тамған жер – Төменарық ауылы. Өзім қазақ тілін жақсы білемін. Қазақ тілі мен үшін ең сұлу, ең шұрайлы тілдердің бірі. Оны үйренуде де еш қиналған емеспін. Жүрек қалауымен үйренуге талпынып, бай тілдің терең иіріміне қалай бойлағанымды өзім де байқамай қалдым. Бұған ықпал еткен қазақ халқының дархандығы дер едім. Қазақстан – менің Отаным! Қазақ тілі – менің де тілім!

Бірлік түбі – береке. Әрдайым татулықты ту етіп, ынтымақты ырысымызға балай білейік, ағайын! Мереке құтты болсын!

Евгений МЕТЕЛЕВ,
Жаңақорған ауданы

Үдере көшкенде үміт болған

Отанынан жыраққа кетіп, жат елде өмір сүрген ұлттың мәңгі аңсары – туған ел. Ал еркінен тыс үдере көшкен ұлт болса, мәселе тіпті бөлек. Мұндай халықтың басынан өткен қайғылы тарих пен қанды оқиғаның баяны ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мәңгі маза бермесі белгілі. Қазақ жерінен пана іздеген шешен-ингуш халқының өткені де осы қалыпта өрбіді. Бір күнде үй-күйін тастап, қаралы жолға аттанған халық Қазақстанға жеткенше біршама бөлігінен айырылды. Азды-тозды, арып-ашыды. Ал қазақ елі мейірбандық танытып, келген аш-жалаңаш адамдарды жылытты, бір үзім нанды бөліп беруге тырысты. Бүгінде кең пейілді қазақтың мейірімін пана іздеген ұлт та ұмытпай, алғыспен еске алуда.

Расында шешен-ингуш халқының басынан өткен қилы кезең әділетсіздіктің көрінісі. Бір айға жетер-жетпес уақытта бүтіндей ұлтты туған жерінен көшіру, «сатқын» есебінде көрсету идеясын басқаша атау мүмкін емес шығар. Мыңдаған адамды зар қақсатқан қырғынның қанды тарихына бір көз жүгіртіп көрелік.

1944 жылы 23 ақпанда шешен-ингуш ұлтын күштеп жер аударуға бағытталған «Жасымық» («Чечевица») операциясы басталды. Жүздеген мың шешен мен ингуш «басқыншылармен байланысты» деп айыпталып, Солтүстік Кавказдан депортацияланған болатын. Саяси әрекеттің мұқият жоспарлы түрде өткені сонша әрбір қадам жүйелі бақылауда болған. Тіпті, радиодан «Пантера» кодтық сигналы берілгесін барып операцияның жүзеге асырылғанының өзі тыңғылықты дайындықты білдіреді.

Оқиға куәгерлерінің естелігінде операцияның тез арада болғаны айтылады. Белгі берілгеннен кейін арнайы топ жұмысқа кіріскен. Таңертеңгі сағат алтыда әскерилер үйлерді қағып, иелерін оятып, жиналуға екі сағат уақыт берген екен. Сосын халықты жүк көлігімен ең жақын теміржол станцияларына апарып, вагондарға кіргізіпті. Алғашында әр отбасыға 500 келіге дейін жүк алуға рұқсат етілгенмен, кейіннен ол да жайына қалып, орындалмаған. Оның бір себебі – депортациялайтын вагонға мүлкімен 45 адам ғана сыятын болған.

Жалпы шешен-ингуш халқын қазақ-қырғыз жеріне көшіру 23 ақпан мен 9 наурыз аралығында жүргізілген «Чечевица» деп аталған операция арқылы жарты миллионнан астам адам туған жерін тастап көшуге мәжбүр болған. Жер аудару кезінде 100 мың шешен, 23 мың ингуш мерт болған деген дерек кезедеседі. Қалай болғанда да сапарға шыққан ұлттардың әрбір төртінші адамы діттеген жерге тірі жетпеген екен.

Осылайша тағдыр айдап, Қазақстанға келген ұлттардың жаңа өмірі басталды. Жат мекенде өлім құшады деп айдалаға тастап кеткен халықты қазақ елі панасына алып, қамқорлық көрсетті. Қатарға қосуға қамдап, қолда барын берді. Олар да көп ұзамай жергілікті тұрғындармен біте қайнасып, жаңа тарихты бастауға бел буғанын білеміз. 1956 жылы шешендер мен ингуштардан арнайы қоныс аудару бойынша шектеулер алынып тасталғаннан кейін де Отанына оралудан бас тартқандар көп еді. Шешен-Ингуш АКРО қалпына келтіріліп, кеңдік кезеңі келсе де, қиын-қыстау күнде қол созған қазақты қимағаны қаншама?! Сондықтан жақсылық пен мейірімді ұштастыра білген қазақ та оларды шеттетпей, өзімен шендестіре білді.

Көшіп келген халыққа алғашқы жылдарда жаңа климатқа үйренісу оңайға соқпады. Жергілікті ауа райына бейімделмеген, өмір сүруге қаржы болмаған вайнах халқының кей бөлігі ауру мен аштықтан қаза тапты. Тіпті, этнос ретінде жойылу қатері пайда болғанын да білеміз. Себебі кеңес үкіметі шешен-ингуштарды апарған өңірде «Олар сатқындар» деген үндеу жүргізген еді. Сондықтан жергілікті халық әдепкіде келген жұртқа сақтықпен қарады. Алайда қазақ халқы бүтін ұлттың қылмыс жасауы мүмкін емесіне сеніп, келген адамдарға қолдау білдірді. Баспана беріп, алдына ас қойды. Кім білсін, егер биліктен қорқып, ешбір үй есігі ашпаса, тарыдай шашыраған ұлттың тағдыры одан әрмен қиындай түсер ме еді!?.

Оның үстіне Қазақстанға күнкөріске қажет қаржы да ала келмеген адамның қатары көптін. Оларды құтқарған қазақ халқының бауырластығы, қонақжай пейілі, кең көңілі екені даусыз.

Қазақстанның жайлы болғаны сонша, шешендер мен ингуштар бүгінге дейін ана тілі мен мәдениетін сақтап қалды.

Кейіннен кеңшілік беріп, қайтуға жол ашылғанда да ұрпақтарының болашағы үшін осында қалуға бел байлағаны аз болмады. Нәтижесінде қазіргі қоғамда көптеген шешен-ингуш ұлтының өкілі еліміздің дамуына үлес қосып жүр.

Жер аудару кезеңін өткерген әр отбасының өзіндік тарихы, қазақ халқынан сезінген жылу мен көмек туралы шежіресі бары ақиқат.

Берен ШАҒЫРОВ

Құжат алу қиын ба?

Қай елдің азаматы болмасын, бір мемлекетке тиесілі болып, жеке басын куәландыратын құжатын алу оңай дүние емес. Тіпті, шарттары көп, ұзақ күттіретін, машақаты көп маңызды іс десек болады. Біздің елде жеке басын куәландыратын, Қазақстан азаматтығының құжатын алу қиын ба? Бұл бағыттағы жұмыстар қаншалықты жүйеленген? Қандастарға қандай жеңілдік қарастырылуда? Осы сұрақтардың жауабын бірге іздеп көрейік.

Құжатсыз бір күн жүрудің өзі мүмкін емес дүние. Қандай да бір ауруханада емделуге тексерістен өту үшін, әлеуметтік көмектерді алу үшін, тіпті, кейбір мемлекеттік мекемелерге кіру үшін де құжат керек. Ат арытып, айлап-жылдап келетін заман өтсе де, өз еліне өзегі талып жеткен қандастар үшін оның қажеттілігі ауадай-ақ. Атамекеніне оралып, айналасына, қоғамға енді ғана көзі үйрене бастағанда, сарсылып, сан түрлі құжаттарды жинау қиынның қиыны. 2019 жылы азаматтық құжатты алуға құлшынған қандастар 46 құжат жинауға тиіс болса, кейін бұл құжат санын 20-ға дейін азайту көзделді. Сонымен бірге бұл құжаттарды жинау үшін отандастарымыз бірнеше ведомствоны аралайды.

Статистикаға сүйенсек, соңғы 3 жылда облыс аймағында елдімекендермен, шаруа қожалықтарында жеке басын куәландыратын құжатсыз және ескі үлгідегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының паспортымен жүрген 67 адам анықталды. Осыған байланысты оларға Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін тиісті көмек берілген. Яғни 2016 жылдың қаңтар айынан бастап «Сана сезім» ӘБҚО қоғамдық қоры және Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қызылорда облысы полиция департаменті Көші-қон қызметі құрылымдарымен бірлесіп «Азаматтығы жоқ адамдарды анықтау және оларға құқықтық көмек көрсету» жобасы аясында іске асуда.

«Сана сезім» қоғамдық қорының заңгері Элина Еникеева: «Біздің орталық бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейді. Соның бірі әрі маңыздысы – түрлі себептерге байланысты жеке басын куәландыратын құжатын рәсімдей алмаған, азаматтық құжатсыз жүргендерді анықтау, оларға көмектесу. Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да, құжатсыз жүрген жандар бар. Құжатсыз жүру деген сөз мемлекеттің қамқорлығын сезінбеу, денсаулық сақтауда, білім алуда, жұмысқа орналасуда, үнемі және барлық жерде кедергіге ұшырау. Біздің орталық құжатсыз жүрген жандарды Тараз, Қызылорда, Түркістан өңірлері бойынша іздестіріп, оларға көмек береді. Ал Қызылорда қаласы бойынша екі заңгеріміз жұмыс істейді», – дейді.

Облыстық көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Сағындық Убайдуллаұлы да аталған мәселеге қатысты өз пікірін қосып, қандастарға құжат алудың жеңілдегенін жеткізді.

– Жалпы санын санап, жіптей тізіп түгендесек, 2016 жылдан бері бірталай жұмыс атқарылды. Өңірде құжатсыз жүргендер – ауылдық жерлерде дүниеге келіп, кеңес одағы кезінде құжаттандырылмағандар, ескі үлгідегі құжаты барлар және соңғы жылдары атамекеніне оралған қандастар. Соңғы 3 жыл көлемінде құжаты жоқ 67 азаматты анықтадық.

Айта кету керек, шетелден келген қандастарға құжат алуда жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алу қарастырылған. 2021-2022 жылдары 50 қандастың жеке басын анықтап, жеңілдетілген тәртіппен азаматтық құжатын рәсімдедік. Негізінен Қазақстан азаматы мәртебесін нақтылау кезінде тиісті құжаттар, сұраныс хат керек. Басқа елмен бірге келісімшарт болған жағдайда өзіндік мерзімі болады. Ал осы мерзіміне қарамастан қоғамдық ұйымдардың көмегімен тез арада құжатты иеленуге мүмкіндік бар. Ең бастысы, осы бағытта жақсы бастама бар. Демек аталған бағыттағы жұмыстар жалғаса береді, – дейді ол.

Өңірде этникалық жағынан барлығы қазақ болмаса да, шетелден келген 450 адам қоныстаныпты. Оның 120-сы этникалық қазақтар екен. Қазіргі таңда олар заңды түрде құжаттарын рәсімдеп, орналасқан. Күні кеше ғана сарылып күткен құжатына қолы жеткен азаматтың бірі – 42 жасына дейін құжат алмай жүрген 1980 жылы Сырдария ауданында дүниеге келген Қанат Телғозиев. Оны «Сана сезім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы анықтаған. 2022 жылы Қанатпен бірге бірнеше адам азаматтық құжатына қол жеткізсе, қазақстандық атанған қандастарымыз да бар.

Жамбыл Бақытәлі Қытайдан келген қандасымыздың бірі, бүгінгі күні Қызылорда қаласының тұрғыны. Ол шекарадан асып, елге оралған соң азаматтық құжаттың орнында жүретін «Ықтияр хатты» жасауға асыққан. «2020 жылы «ықтияр хат» алу үшін қажетті құжаттарды жинай бастадым. Оның ішінде психикалық денсаулыққа қатысты тексерістен өту, нотариус арқылы заңдастыруға тиісті, ұзаққа созылған құжаттар бар. 2020 жылы күзде тапсырып, 2021 жылы көктемде алдым. Мұның өзі мен үшін үлкен қуаныш еді. Себебі ықтияр хат азаматтық құжаттың орнында жүреді. 10 жылға жарамды. Бірақ араға уақыт салмай, азаматтық құжатты алу үшін қажетті қағаздарды дайындадым. Оған тапсырмас бұрын да «қандастық куәлік» керек. Оның дайын болуына 1 айдай уақыт кетеді. Құжатым дайын болып, асыға күткен арманыма қол жеткіздім. Қуанышымды сөзбен жеткізе алмаймын. Дегенмен азаматтық құжатты дайындаудың машақаты жетіп артылады. Көбіне қажетті құжаттарды жинап жүргенде мекемелер бір-біріне сілтейді. Қайсысы дұрыс екенін білмей, қайда бару керегін түсінбей, уақыт кетеді. Осы жағынан нақты алгоритм жүйесі жасалса екен», – дейді Жамбыл.

БҰҰ босқындар істері жөніндегі Агенттігінің өкілі Шолпан Олжабаеваның айтуынша, 2014 жылдан бастап басқарма қолға алған жобаның мақсаты – 2024 жылға дейін дүние жүзінде азаматтығы жоқ адамдарды толығымен жою. «Сонымен қатар әр адамның бір мемлекетке тиесілі болуы, сол елдің заңдарына сай құқықтық көмек алуына көмектесіп келеміз. Адам құқығы – ең маңызды құндылық. Көші-қон департаменті 2021 жылдың соңына дейін 7000-дай құжаттандырылмаған адамды анықтаса, соның 6000-ға жуығы жеке басын куәландыратын құжатқа қол жеткізген. Құжаты жоқ адамдардың арасында жасы 50-60-қа келгендер де, 18-ден енді асқандар да бар. Демек бұл мәселеде себеп көп, шешім жалғыз. Азаматтық құжат алу үшін аз уақыт қиналып, қажетті құжаттарды жинаған адам өмірінің соңына дейін қазақстандықтарға тиесілі құқыққа ие боп, теңдік орнайды. Қажеттіліктің бәріне қол жеткізе алады. Бұл халық санағын жүргізгенде де маңызды», – деді агенттік өкілі.

Дина БӨКЕБАЙ

Тарифтің тиімдісі қайсы?



Интернет тарифтерінің қымбаттағаны барлығымызға белгілі. Тіпті, қандай тарифтің тиімді екенін де түсінбей қалдық. Бір айға деп есептеп берген гигабайт аз күннің ішінде таусылып қалады. Интернетсіз жұмыстың өнбейтінін түсінген халық шағымын әлеуметтік желіде жарыса жазуда. Байланыс операторларының қымбат тарифтерінен мезі болған тұрғындар қай операторға жүгінерін білмейді. Шынымен тарифтің тиімдісі қайсы?

Смартфонға телмірген заманда бір адамда қос-қос телефон мен екі-үш нөмірден бар. Телефон тек байланыс құралы ғана емес, «керегіңді алдыңнан, іздемей-ақ тауып беретін» заманның озық технологиясы болып отыр. Соған орай оператор да көп. Олардың ішінде ең көп таралғаны – Актив, Билайн, Теле2 операторлары. Енді мынаған назар аударсақ. Қазақстан ТМД елдері ішіндегі ұялы байланыс құны ең қымбат ел екенін Ресейдің тәуелсіз «ComNews Research» зерттеу орталығы көрсеткен. Сонымен қатар дәл сол компанияның «Қазақстанның аймақтарындағы ұялы байланыс қызметтерінің құны» тақырыбында жүргізген зерттеулерінің нәтижелеріне сәйкес, ең қымбат ұялы байланыс Kcell (GSM Kazakhstan операторы) болып шықты.

– Мен үшін тариф үлкен мәселе. Теле 2-ні де, билайнды да көрдім. Жақында активке де қосылдым. Бірақ ешқайсысы көңілімнен шығар емес. «Қазақтелеком» АҚ үйдегі интернетке қосып берген нөмірін пайдаланып келемін, бірақ бір айға деп жоспарлаған тарифі 10 күнге жетпей таусылып қалады. Жауапты мамандардан сұрағанымда берілген мөлшерді пайдаланғанымды айтып, ақылы түрде тағы да тарифке қосып беретінін жеткізді. Сөйтіп актив дұрыс па деп ауысып едім, желіге қосылу қиын болды, – дейді тұтынушы Айдын Мұрат.

Көбіне елдегі ахуал, жаңалықтар жайлы әлеуметтік желі арқылы хабар аламыз. Инстаграм, фейсбук, телеграм желілерін күнделікті пайдаланамыз. Оның барлығына қанша гигабайт кетеді, ал «шексіз» тарифін таңдар болсаңыз, қалтаңыз тағы қағылады. Бәрін ақылы қылып қойған абонементтердің ұсынатын тарифі әртүрлі. Мәселен, активте ең төменгі тариф құны – 2590 теңге. Оның үстіне 6 гб-қа беріледі. «Шексіз» интернетті пайдаланғыңыз келсе, 4990 теңге төлеуге тура келеді. Алтел 2690 теңге мен 3790 теңге аралығында шығын сұрайды. Десе де басқа операторлармен байланысты қосымша қаржыға сатып аласыз. Өзге операторларға 60 минут 300 теңге, 120 минут 600 теңге.

– Анамның телефонын уақытша интернетке қосу керек болды. Өзім билайнның «жарқын жағында өмір сүріп» үйренгесін жолымнан жаңылмайын дедім. Операторына хабарласып отырып «Жарқын» тарифіне қостырдым. Бұрынғыдан қымбат. Негізгі құны 2590 теңге екен. 6 сәуір күні жеңілдікпен 1813 теңге болды, тариф 11 сәуірде бітті. Сондағысы бес-ақ күн. Ал өткенде өз нөміріме Теле2-нің тарифін сатып алып, айдың ортасына жетпей түгесілді. Сонда да 2 мың теңгеге жуық салдым. Енді мынау. 4 мың теңгеге жуық ақша құмға сіңген судай. Гигабайт дегеннің тұсына түсінікті етіп бірдеңе жазу керек шығар. «Тәк, ютубты көп көре берме, ватсапта қонасың ба, өзің біл» деп пе, сондай, – дейді журналист Назерке Саниязова.

Былтыр интернет тарифі 2,6, ал ұялы байланыс қызметі 1,7 пайызға қымбаттаған. Интернет ұсыну қызметі саласындағы телекоммуникациялық компаниялардың кірістері жыл ішінде 13,2 пайызға өсіп, 213,4 млрд теңгеге жетті. Бұл телеком нарығындағы қызметтердің жалпы көлемінің 37,2 пайызын құрайды. Дегенмен, ұялы байланыс қызметтерінің көлемі де өткен жылмен салыстырғанда 1,5 пайызға артып, 151,7 млрд теңгеге жетіп отыр. Оның ішінде халыққа көрсетілетін ұялы байланыс қызметі ақшаға шаққанда жыл ішінде бірден 5,1 пайызға көбейіп, 108,1 млрд теңгеге жетті.

Мұнымен бітпейді. Биыл интернеттің бағасы 20 пайызға қымбаттауы мүмкін. Ол интернет ұсынушы компанияларға талаптың күшейтілуімен тікелей байланысты. Интернетпен қамтамасыз еткен компаниялар ұсынған желінің жылдамдығы кем дегенде 70% болуы керек. Енді байланыс сапасы жақсарса, интернет те қымбаттайды», – дейді Билайн Қазақстанның бас атқарушы директоры Эвгени Настрадин.

ICRIAP бас сарапшысы алдағы уақытта жеңілдіктердің енгізілетінін айтты. Ол қандай жеңілдік, кімдерге жүргізіледі деп ойландық. Бастысы, халық тиімділігін көрсе екен. «Келесі бес жыл ішінде ұялы байланыс операторлары үшін радиожиілік спектрін пайдалануға салықтық жеңілдіктер енгізілуде. Жеңілдік 90 пайызға арзандады. Осы уақыт ішінде олар өте үлкен соманы үнемдейді және бұл қаражат желілерді дамытуға бағытталуы керек», – дейді Диас Төлегенов.

P.S «Күрделі шығындар, өз кезегінде соңғы тұтынушы үшін ұялы байланыс операторлары қызметтерінің қымбаттауына әкелуі мүмкін. Өзгерістердің бастамашысы – Цифрлық даму министрлігі. Мемлекеттік орган мен бизнестің талаптары кеңейтілген алқа мәжілісінде талқыланды. Министрлік операторлар бағаны көтермесе ғана, жеңілдіктер жасауға дайын. Операторлар бүкіл ел бойынша мобильді интернеттің шекті жылдамдығына төтеп беру мүмкін емес деп сендіреді. Бұған базалық станцияны электрмен жабдықтаудағы үзілістер, абоненттердің қаладағы тұрақты қозғалысы, тіпті, ауа райы әсер ететін көрінеді.

Мөлдір САБЫРЖАН

Шеге терапиясы түрлі ауруға ем

Соңғы кезде «садху терапиясы» немесе «шеге йогасы» деп аталатын шегеге тұру арқылы емделу түріне сұраныс артты. Аталған терапия әлемге Үндістаннан тараған. Физикалық, психологиялық денсаулыққа пайдалы екені де мойындалуда. Адамның табанында жетпіс мыңнан астам талшықтар болғандықтан, шегеге тұрудың қандай да бір маңызды әсері бар деуге болады.

Қызылордалық Жадыра Манатбекқызы садху терапиясымен айналысып жүрген маман. Жақында білікті маманмен сұқбаттасып, шеге терапиясының артықшылықтары жайлы көптің көкейінде жүрген сұрақтардың жауабын білген едік.

– Жадыра, неліктен шеге терапиясын таңдадыңыз?

– Өзім Қызылорда қаласында дүниеге келдім, қазір де осы қаланың тұрғынымын. 3 баланың анасымын. Кішкентай кезімде медбике болып, адамдарға көмек беруді армандайтынмын. Алайда әке-шешем медбике болуға рұқсатын бермеген соң, Алматы қаласында орналасқан Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-де білім алуға тура келді. Университет бітірісімен тағдыр жолықтырған жолдасыммен бас қосып, өнегелі отбасыға келін болып түстім.

Қазіргі кезде жолдасымның жеке кәсібінде есепші болып жұмыс істеймін. Сонымен қатар «шеге терапиясымен» де айналысып жүрген жайым бар. Неге шеге терапиясы дерсіз? 2021 жылдың жаз мезгілінде қатты күйзеліске түстім. Жолдасым қолдау көрсеткенімен жаным тынышталмады. Ішімде бір кедергінің бар екенін сезгендеймін. Бірақ ол не? Сол кезде осы терапияны іздестіріп, ерекше емдеу түрімен таныса бастадым. Әлі Қазақстанға келмеген болатын, ресейлік мамандарды қарап жүрдім. Күзде Алматы қаласында бар екенін біліп, алды артыма қарамай жолға шықтым. Шыны керек, шегеде тұрғандағы сезімді айтып жеткізу мүмкін емес. Терапияны қабылдаған адамдар ғана біледі. Оңай терапия емес екеніне көзім жетті. Бірақ ерік-жігерімді жинап, жақсы жаққа өзгеруге бет бұрдым.

– Шеге терапиясының ерекшелігі неде?

– Адамның табанында 70 мыңнан астам жүйке нүктесі бар. Сол нүктелерді басу арқылы қан айналымы жақсарады, гормондар қалпына келеді, ұйқы, бүйрек үсті безінің жұмысы жақсарып, ол барлық сезім мүшесінің жұмысына оң әсерін тигізеді. Шегеде тұру көптеген ауруға ем. Себебі көп ауру қан айналымының дұрыс болмауынан туындайды.

Шегеде тұрудың негізгі үш әсерін атап өткен жөн. Физиологиялық әсері бар, яғни, адамның салмағына байланысты акупунктура нүктелеріне шеге қысымы ағзада тазарту, қалпына келтіру және емдеу процестерін бастайды. Бұл ұзақ мерзімді, созылмалы ауруларды жеңуге мүмкіндік береді.

Энергиялық әсері айтпаса да түсінікті. Қытай медицинасының көзқарасы бойынша адамдағы барлық ауру энергияның дұрыс емес ағынынан туындайды. Демек қандай да бір ауруды емдеу үшін денедегі энергия ағынын үйлестіру қажет. Сонымен бірге адамдар канша жыл өтсе де, өкпе-ренішін ішінде сақтап, кешіре алмай, энергиясын құртады. Осындай өкпе-реніш жинала беріп,

одан шаршаған адам ағзасы өзін өзі лақтырып жібереді де, түрлі ауру болып шығады. Мысалы инсульт, неврит.

Психологиялық әсері бар екенін көбісі түсіне алмауы мүмкін. Алайда шегеде тұру күйзеліске төзімді бола түсуге, бір нәрсеге шоғырлануға, сананы, ерік-жігерді дамытуға мүмкіндік береді. Кез келген саналы адам үшін өзінен артық жау жоқ. Яғни ең маңызды жеңіс – Өзінді жеңу.

– Жан мен тән байланысы дейсіз ғой...

– Иә, адамның ішінде не болып жатқаны физикалық денсаулығынан көрініп тұрады. Көбіне депрессияда жүрген адамдар өткен шақпен өмір сүреді. Басынан өткен небір қиындықтарды ойлап, сол кездегі ой мен сезімдерден шыға алмай жүреді. Шеге терапиясы бәрін қабылдауды, қазіргі сәтпен өмір сүруді үйретеді.

Жан мен тән – бір-бірімен тығыз байланыстағы үйлесімділік. Қиналғанда жанын емдеу үшін тек психологпен сөйлесіп, қабылдауына барудың қажеті жоқ. Терапиядағы ең басты ерекшелік – ауруды сезіну. Ауыр күйзелісте жүрген адам өз денесін, жанын да сезбей қалады. Яғни, робот секілді күй кешеді.

Шеге терапиясы физикалық ғана емес, психологиялық терапия. Тұрақты айналысқан адам күйзелістен алыс жүреді, әрі иммунитеті жоғарылайды, ағзада зат алмасу жақсарады. Адам өз денесін босаңсытып, шегеде тұрғанда түрлі сезімді кешуі мүмкін. Біреуі айқайлайды, біреуі жылайды, біреуі күледі. Аз уақыттан соң адам садху тақтасында тұрғанда саналы түрде эмоциясын басқаруды үйренеді. Маған әртүрлі жастағы адамдар келеді. Көпшілігі 25-45 жас аралығында, ең үлкені – 72-де.

– Жадыра, жұмысыңызға сәттілік!

Сұқбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ

Мамандығымды мақтан етемін

Қоғамда әрбір маманның алатын өз орны бар. Соның ішінде медицина саласы қызметкерлеріне жүктелетін жауапкершіліктің салмағы зор. Өз міндетін ерекше ықыласпен атқарып, халықтың алғаусыз алғысына бөленіп жүрген ақхалаттылар өте көп. Кезекті кейіпкеріміз – облыстық психикалық денсаулық орталығының мейірбикесі Қарлығаш Полат.

Қарлығаш – жас маман. Медицина саласына қадам басқанына санаулы жыл болды. Соған қарамастан ол өз міндетін тиянақты орындауымен ерекшеленеді. Науқастардың тілін тауып, дәрігерлердің нұсқамасын жауапкершілікпен орындайды.

«1997 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданында дүниеге келгенмін. 2012 жылы отбасылық жағдайға байланысты Қызылорда қаласына көшіп келдік. Мектеп бітіргеннен кейін облыс орталығындағы медицина колледжіне оқуға түстім. Осы мамандықты таңдағаныма ешқашан өкінген емеспін. Ең бастысы, халыққа қызмет көрсетеміз», – дейді мейірбике.

Қарлығаш медицина саласын таңдауына анасы себепші болғанын айтады. Қатерлі дертке шалдыққан жақын адамын өзі емдегісі келген екен. Кейін мейіргер болу арқылы сырқаты мазалаған азаматтарға медициналық көмек көрсетуді мақсат етіпті.

«Еңбек жолымды 2019 жылы Алматы қаласындағы емханалардың бірінде учаскелік мейірбике болып бастадым. 2020 жылы Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығына жұмысқа қабылдандым. Бүгінде осы мекемеде қызмет атқарамын. Әлі үйренетінім көп. Бұл ретте тәжірибелі әріптестерімнің қолдауы көп», – дейді Қарлығаш.

Адамның болашақта кім болатынына оның үйіндегі жағдайдың тигізер ықпалы бар. Мәселен, мұғалім болғысы келетіндердің отбасында ұстаздар бар екенін аңғарамыз. Ал дәрігер болуды армандайтындар ата-анасын емдеп, жағдайын жасауды бала кезден санасына құйып өседі. Қарлығаштың медицинаға келудегі ең бірінші мақсаты да сол. Ендігіде білімін шыңдап, әрі қарай жұмысына күш салу жоспары да бар. «Жұмысым өзіме ұнайды, қаншама жанның алғысын алып жатырмыз. Десе де мұны қанағат тұтып тоқтап қалмай, алдағы уақытта жан-жақты білім алып, мықты маман болғым келеді», – дейді ол.

Айта кету керек, жуырда облыстық психикалық денсаулық орталығында «12 мамыр – Халықаралық мейірбикелер күніне» орай орта буын қызметкерлері арасында сайыс ұйымдастырылды. Мейіргерлердің білімі мен біліктілігі сыналған байқауда Қарлығаш бас жүлдені жеңіп алды. Енді жас маман орталық абыройын облыстық деңгейдегі жарыста қорғайды.

М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

Сумен емдеудің сыры

Жапондардың ұзақ жасау ерекшелігі әлемді таңқалдырып келе жатқаны жасырын емес. Бірі мұндай өзгерісті климаттың жайлылығына сүйесе, енді бірі дұрыс тамақтанудан іздеуде. Әрбір тұжырымның жаны бар, әйтсе де соңғы болжамның шындыққа жанасатынын көп ғалымдар бұған дейін де айтқан еді. Әсіресе, пайдалы ас тұтыну, таза ауада серуендеу, жүйкені сақтаудан бөлек суды дұрыс пайдаланудың да көмегі зор екен. Су тіршілік көзі ғана емес, дертке шипа қасиеті де жетерлік.

Жапония ядролық жарылыстан соң денсаулық сақтау ісіне мұқият мән беріп, жүйелі жоспарды қолға алды. Ғылыми технологиямен қатар мыңжылдықтар бойы жиған емдеу әдісіндегі тәжірибені дамыта білді. Соның ішінде сумен емдеу техникасы да аз уақыттың ішінде танымал болған.

Бұл техника қан қысымынан бастап қатерлі ісікке дейінгі аурудың еміне айналып, хирургиялық операциясыз емдеуге мүмкіндік берді. Содан болар қызу көтерілуі, іш жүрмеу, тері құрғауы, көру қабілетінің нашарлауы секілді қиындықты судың көмегімен жеңгендердің саны артты. Арнайы мамандарды оқыту ісі де ілгерілей түсті. Осыдан-ақ дәстүрлі емнің дамығанын аңғарамыз. Сонымен жапон танымы таныған судың қандай ерекшелігі бар? Көмегі қандай? Осы сауал төңірегінде ой тарқатып көрелік.

Судың емдік қасиеті болуы үшін алдымен оны ішу қажет. Қарапайым көрінгенімен мұндай қадам жүйелі өзгеріске жетелейді. Күнделікті ішетін су мөлшерін арттырып, диета ұстау басты шартқа айналуы керек. Сонда ғана пайдалы болмақ. Бастысы, қай ауруға қалай қолдану керегін білсеңіз болғаны. Мәселен, ревматизм, қан аздық, артрит, семіздік, іш қату, туберкулез, бүйрекке тас байлану секілді ауруларды сумен емдеуге болады.

Мұндай болжамды ғылым да жоққа шығармаған. Ғалымдар қант диабеті, асқазан инфекциясы, жүрек қан-тамыр ауруларын судың көмегімен емдеуге мүмкіндік барын әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан суға деген сенімнің артқаны айтпаса да түсінікті.

Аталған техниканы қолдану тәсілі де қарапайым. Тек үздіксіз пайдаланса болғаны. Алдымен таңертең аш қарынға су ішуді әдетке айналдырыңыз. Оған қоса шай және кофе сияқты сұйықтықтардан соң міндетті түрде су ішкен жөн. Ас қорыту үшін де көп мөлшерде су ішудің әсері барын ұмытпаңыз. Нәтижесінде ішек жолдарының жұмысы жақсарып, көлденең кеселден аулақ жүруге мүмкіндік бар.

Сонымен күніне қанша мөлшерде су ішу керек? Жапонның сумен емдеу техникасына сүйенсек, күннің әр мезгіліне түрлі мөлшер бекітілген. Мысалы, таңғы ас алдында 640 мл, түс кезінде 500-800 мл су ішу керек. Ал күнделікті мөлшер 2 литрден жоғары болуы шарт. Бұл – міндетті доза. Одан артығы ағзаның қажеттілігіне



байланысты.

Бір қызығы, бұл әдіс ауруды емдеу жолы ғана емес, өзге де дерттің алдын алуға көмектеседі. Содан болар, ғылымда сумен емдеуді алдын-алу шарасының ең басты тәсілі ретінде қарастырады. Қолжетімді әрі қаржы шығындауды қажет етпейтін артықшылығы да аталған әдістің тарауына ықпал етті.

Бүгінде ауруханаларда сумен емдеу бөлімдері ашылып, емдеу курстары жүзеге асырылуда. 10 күн сумен емдеу арқылы науқасқа көмек көрсетіледі. Ал қант диабеті мен қан қысымын емдеу 30 күн уақыт алады екен.

Сумен емдеудің жапондық әдісі, тіпті, қатерлі ісік ауруынан айығуға да көмектеседі. Дегенмен, бұл дәрігер-онколог белгілеген терапия курсымен қатар жүргізілуі керек. Сонымен бірге гидротерапия денсаулыққа кері әсер етпеуі үшін дәрігермен кеңесуді естен шығармаған жөн.

Берен ШАҒЫРОВ

Халық алғысы

Баяғыда Ермағанбет пен Күласыл-айым деген ерлі-зайыптылар болыпты. Ермағанбет елге танымал, жан-жағына абыройлы, әрі мерген, әрі зергер, сегіз қырлы азамат екен. Күласыл-айым ай десе, аузы, күн десе, көзі бар келіншек атаулының ең сұлуы болыпты. Ел арасында өте кішіпейіл, инабатты мінезімен, он саусағынан өнер тамған ісмерлігімен қадірлі атаныпты. Киіз басу, сырмақ тігу, көрпеше құрау, кілем тоқумен де айналысыпты. Бұл жұпқа халық сүйсініп, Қыз Жібек пен Төлегенге теңейді екен.

Әттең-айы, бұл тату отбасының баласы болмапты. Ермағанбет ұрпақ сүюді арман еткен соң, ата-анасымен ақылдасып, кеңеседі.

– Қадірлі әкем, ардақты шешем, осы күнге дейін сіздердің аттарыңызға жаман сөз келтірмеген едім. Қатарымның алды болуға тырыстым. Бірақ бүгінге дейін әлі ұрпақ сүйгенім жоқ, маған қандай ақыл-кеңес бересіздер? – дейді.

Сонда әкесі Төрегелді:

– Иә, ұлым, бізге жаман сөз келтірмегеніңе мың алғыс. Ата-бабамыз: «Қатарыңның алды болсаң, көз тиер, арты болсаң, сөз тиер» деген. Мүмкін, көзі жаманның көзі, әлде тілі жаманның тілі өткен болар. Бергенің оралар, тыққаның жоғалар. Сендер ел аралап, қырық кісіге жақсылық жасап, алғысын алыңдар. Жаратқаннан мың ұлға татитын бір ұл сұраңдар! Халықтың алғысын алған адам ғана Жаратқанның разылығына бөленетінін ұмытпаңдар! – дейді.

Сөйтіп ерлі-зайыпты ел аралап, қырық үйге қонып, Ермағанбет мал-жайына қарасып, бір кісіге тегін зергерлік бұйым жасап, екіншісіне аң аулап әкеліп, үшіншісін өнерімен тәнті етіп жүреді. Күласыл-айым әр үйдің киізін басып, сырмағын тігіп, көрпешесін құрап, кілемін тоқып, қаншама адамға адал қызмет жасайды. Халық та алғысын жаудырады.

Соңғы қырқыншы үйге қызметтерін жасап, таңертең қайтпақшы болғанда, қырқыншы үйдің иесі қайтыс болады. Ол үй иесінің аты-жөндері Қаратай мен Қарашаш көрінеді. Қаратай ұйқыдан оянбай дүние салыпты. Ермағанбет пен Күласылайым Қаратайды арулап жерлеп, елге оралады. Қарашаш жүкті екен, Ермағанбет Қарашашты өз еліне бірге баруға шақырады. Алайда Қарашаш: «Шаңырағымды тастамаймын!» – деп бармай қалады.

Елге келген соң, ата-анасы қуанып, баласы мен келінін құшақ жая қарсы алып, болған жайды сұрайды. Сонда Ермағанбет болған жайды баяндап, қырқыншы үйдің иесі дүние салғанын, алғысын алып үлгірмегенін айтады. Бірақ намазын шығарып, арулап көміп, соңғы сапарға аттандырғанын жеткізеді.

Сонда әкесі:

– Балам, дұрыс жасаған екенсің, Қаратай дүние салды деп қайтпағаның жақсы болған екен. Бәрін дұрыс жасапсың, ендігінің барлығы тек Жаратқанның қолында, – дейді.

Таңертең Күласыл-айымның асқазаны ауырып қалады. Емшіні шақыртып, тексертеді. Емші Күласыл-айымның жүкті екенін хабарлайды. Сүйінші сұраған емшіге Ермағанбет астындағы атын күміс ер-тұрманымен қоса сыйлайды. Арада тоғыз ай, тоғыз күн өткенде торсықтай ұл дүниеге келеді. Ермағанбеттің әкесінің соңынан ұрпақ ерсін деген ырыммен ұлдың есімін Қаражан қояды. Қаражан ерекше бала болады. Оның желкесінде қырық тал шашы болады. Атасы Төрегелді қырық тал шашты қырық жақсылықтың нышаны деп түсінеді.

Қаражан тез өсіп, үлкен жігіт болыпты. Төрегелді атасы немересін иманды, ісі түзу етіп тәрбиелейді. Бір күні Қаражан түсінде аян көреді. Түсінде баяғы қырқыншы үйдің иесі Қаратай былай дейді:

«Мен сенің ата-анаңа шексіз разымын, мені бауырындай соңғы сапарға аттандырды. Мен оларға алғысымды айтып үлгірмедім. Менің бойжеткен сұлу, көркем мінезді қызым бар. Оның есімі – Нұрсұлу. Ата-анаңа разылығым ретінде сол қызымды саған аманаттаймын. Екеуің қосылып, тату-тәтті отбасын құрыңдар!» дейді. Қаражан таңертең оянып, түсін атасына жорытады.

Сонда Төрегелді атасы: «Қырықтың бірі Қыдыр, мыңның бірі Уәли дегендей, қырқыншы үйдің иесімен құда болу бұйырған екен. Бұл – сенің тағдырың, Нұрсұлуды жар етесің» – дейді.

Төрегелді атасы Ермағанбет пен Күласыл-айымды және немересі Қаражанды ертіп, қырқыншы үйге барады. Мән-жайды түсіндіреді. Қарашаш Ермағанбет пен Күласыл-айымды танып, олардың бетін қайтармай, қызын беріп, сән-салтанатымен ұзатқан екен.

Аружан ӨМІРБАЙ

Мәңгүктің ерлігі

Ерте, ерте, ертеде, күн жүйесінде Ап және Lus есімді екі періште өмір сүріпті. Олар жерді және жердегі барлық құбылыстарды басқарып, тұрақтылықты қадағалап отырады екен. Күн жүйесіндегі бір күн жердегі бір жылмен тең. Олардың жанында Alienus атты өзге ғаламшарлық өмір сүріпті. Ол зұлым еді, әрі оның көре алмаушылық қасиеті бар болатын.

Күндердің бір күнінде, екі періште жерде бейбітшілік заман құрып, адамдардың бақытты сәтіне мәз болып отырады. Оны байқаған Alienus «жердегі бейбіт заманды қалайда бұзамын» дейді.

Ол періштелердің үйіне ұрланып кіріп, жерге бір нәрестені жібереді. Оған Гитлер есімін береді.

Бұл нәресте жердегі бейбіт өмірді бұзушы қару. Alienus енді кете бергенде алдынан екі періште шығып, Оның бір нәрсе бүлдіргенін сезеді. Бірақ тым кеш еді. Нәрестені қайтару мүмкін емес болатын.

Ап періште барып Alienusты темір қапасқа қамап қояды, ал Lus болса жердегі адамдарды қалай құтқару жолын ойлайды.

«Бұл нәресте өсіп жетіле дегенше бірнәрсе ойлап табуымыз керек», - дейді Ап.

– Иә, әйтпесе жердің жағдайы қиын, – дейді Lus.

Осылайша арада бірнеше күн өтеді. Гитлер өсіп келеді. Ол бала кезінен бұзақы, жанжалға жақын болып ер жетеді. Екі періште қолынан келгенін жасап, жерді қорғап қалғылары келгенімен, одан түк шықпайды.

- Тәуекелге бел буып, жерге тағы бір нәресте жіберейік, ол нәресте Гитлерді жеңуші біздің қаруымыз болады, – дейді Lus. Бұған Ап да келісім береді. Олар нәрестені жібереді. Оған Мәңгүк есімін береді.

Мәңгүк ғаламшардағы ең бақытты, бай қазақ жеріне түседі. Ол өте елгезек, ер мінезді, батыл қыз болып өседі. Ап мен Lus та жерде бәрі жақсы болатынына сеніп, үміт үзбейді.

Арада бірнеше жыл өтеді. Гитлер қазақтың жеріне қызығып, 1945 жылы әскерлерімен басып кіреді.

Оған қарсы Мәңгүк шығады. Мәңгүктің өте күшті, оғы көздеген адамды көлденең ұшыратын пулеметі бар-тын. Мәңгүк жері үшін аянбай, ақтық демі қалғанша соғысады. Соғыс барысында ол Гитлер отырған жерге жолдағының бәрін қиратып, кіріп келеді.

Гитлер:

– Келдің бе?! Сені күтіп қалдым. Сені өз қолыммен жер жастандырамын! – дейді қаһарланып.

Мәңгүк болса «Мен сенен қорықпаймын!» деп, екеуі тартыса кетеді. Тартыс кезінде Гитлер қарусыз қалып, Мәңгүк оны о дүниеге аттандырады. Осы сәтте бір фашист келеді де, сонымен тартыс кезінде Мәңгүк жарақаттанады. Қазақ елінің жеңісін көріп, өлер алдында «мен өз міндетімді орындадым» деп айтып кетеді.

Мәңгүктің ерлігі - қазақ елінің әрдайым жадында. Ешқашан ұмытылмайды.

Алтынай БЕРІК

Семіз патша

Ерте, ерте, ертеде бір патша болыпты. Халқы кедей болса да өзі азықтан тартынбай, артық салмақ жинаған екен. Тіпті семіздіктен денесін май басып, жүруі қиындағаны сонша, патшаның күйі кетеді. Күннен-күнге жағдайы нашарлаған патша халыққа жарлық таратып, емдеген адамға ат басындай алтын беремін депті.

Ел-елден жиналған шипагерлер қанша талаптанса да патшаның салмақ қосуы тоқтамапты. Бірі ескі халық емін қолданса, басқасы шөп тамырын беріп патшаның бетін қайтармақ болады. Алайда қандай шара қолданғанмен билеушінің беті бері қарамай қояды.

Бір күні алаяқтығымен аты шыққан Әлмен патшаны сабасына түсіруді ойлап, жоспар құра бастайды. Патшаның жағдайынан хабардар болғасын 40 күнде ханды қалпына келтіремін деп хабар таратады. Бұл хабар сарай қызметкерлеріне жетісімен, желкелеп отырып Әлменді билеушінің алдына әкеледі.

Сарайға келген соң патша:

– Қане, айт! Мені артық салмақтан қалай арылтпақсың?! Егер кезекті өтірігің болса, басыңды аламын, – дейді.

Сонда Әлмен:

– Хан ием, осында келерден бұрын түс көрдім. Түсімде ақ сәлделі қарт адам аян берді.

Ол маған: «Патшаңа көмегің керек. Оған жедел жетіп, жол көрсет. Кеселінен жазылу үшін күніне үш мәрте тау басындағы шынарға келсін. Бос келмей, әр сапарында өзімен бірге бір дорба нан, бір дорба бидай әкелсін. Осы айтқанымды қырық күн қайталаса, ем қонады. Орындамаса, ажалы жақын» деді. Түсімнен шошып оянып, тез жетудің амалын жасадым. Келгенім осы, – деп тоқтайды Әлмен.

Мұны естіген патшаның зәресі ұшып, дереу Әлменнің айтқанын істеуге кіріседі. Қиын болса да күнде үш мезгіл биік тау басындағы шынарға баруды тоқтатпайды. Уәзірлеріне қолтығынан деметіп, екі қап азықты да ұмытпайды. Осылайша күндер өте береді.

Әлмен болса, қаладағы барлық кедей-кепшікке таудың басынан азық алуға болатынын айтып, жол сілтейді. Әдепкіде қала қалқы Әлменге сенбегенмен, кейін көзі жетіп, тау басынан нан мен бидай алуға баруды әдетке айналдырыпты.

Уақыт өте күнделікті жаяу жүрген патша артық салмақтан арылып, тау басына жалғыз көтерілетін күйге жетеді. Денсаулығы да жақсарып, көңіл-күйі көтеріңкі болады. Осылайша, межелі қырық күннен соң нәтижеге разы болған билеуші Әлменді тағы алдырады.

– Әй, Әлмен, сенің көрген аяның шындыққа жанасты. Қырық күн тау басындағы шынарға барғалы оңала түстім. Саған алғыс есебінде ат басындай алтын сыйға тартамын, – дейді.

Сол сәтте Әлмен өтірігін мойындап, жазасын алу ниетімен:

– Уа, хан ием, сіз маған сый-сияпат емес, жаза беруіңіз керек, – дейді.

Аң-таң патша:

– Неліктен?– деп сұрайды.

– Мен ешқандай түс көрмедім. Аян бергені де жалған. Сізді тауға баруға итермелеудегі мақсатым – қимыл ғана артық салмақтан арылтады. Ал екі қап нан мен бидай кедейлерге азық болсын дегенім, – дейді.

Сол сәтте патша өзінің елден жырақтағанын, халықтың кедей тұрмыс кешіп жатқанын сезіп, қателігін түсінген екен. Шындықты өнегелі жолмен айта білген Әлменді жазаламай, керісінше сый ретінде алтынын бірнеше еселеп берген екен.



Әміржан ҚОЖАБЕКҰЛЫ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті

Жоау Педро де Оливейра, «Қайсар» футбол клубының ойыншысы:

14 мың шақырымды артқа тастап, тіршілігін түгендеу мақсатында Бразилиядан Қазақстанға қоныс аударған Жоау Педро де Оливейра бүгінде Қызылорданың тұрғыны. Кәсіпқой футболшы жыл басында «Қайсар» футбол клубының қатарына қосылып, аймақ намысын ел біріншілігінде қорғауда. Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай Жоаумен жүздесіп, әңгімелескен едік.

ҚАЗАҚСТАН МӘҢГІ ЕСІМДЕ ҚАЛАДЫ

– Жоау, елімізге аяқ басқаныңа екі айдай уақыт болды. Сонау Оңтүстік Америкадан Қазақстанға келуіңнің себебі – футбол. Біздің ел сіз ойлағандай ма? Жалпы қызылордалық «Қайсарға» қалай келдің?

– Футболшы болғандықтан кәсіби мансабыңды кез келген елде жалғастыруың мүмкін. Қазақстан – менің мансабымдағы алғашқы шетел. Сондықтан мәңгі есімде қалады. Бұрын-соңды Бразилияның аумағынан шыққан емеспін. Футболда агент деген қызмет бар. Қарапайым тілмен түсіндірсек, футбол менеджері. Менеджерім қыс мезгілінде жағымды жаңалықты жеткізді. «Қайсардың» бапкерлер қосыны instat-ғы (футболшылардың деңгейін анықтайтын портал) көрсеткішімді байқап, қызығушылық танытқан екен. Жаңалықты естіп, отбасыммен ақылдастым. Ғаламтордың көмегі көп тиді. Бірінші рет үйден ұзайтын болғандықтан қанша дегенмен үрей болды. Іздедім, зерттедім. Ғаламтордан Қазақстан жайлы жағымды пікірлерді оқып, көңілім жылып қалды. Наурыз айында "Қайсардың" Түркиядағы оқу-жаттығу жиынына қосылып, келісім шартқа қол қойдым. Содан бері қызылордалықпын (күліп).

– Команда көңіліңізден шықты ма? Футболшылардың арасында кімдермен тіл табысып жүрсіз?

– Әрине, көңілден шықты. Жақсы ұжым жиналған. Футболшылардың басым бөлігі ағылшын тілін түсінетіні қуантты. Ұйымшыл ұжымға тап болғаныма қуанамын. Әр ұжымда өзіне жақын тұтатын әріптестерің болады ғой (күліп). Мысалы, Демият Сламбеков пен Мамаду Диалло жақын достарыма айналып кетті. Демият Бразилияда үш жыл Оле Бразил академиясында болып, португал тілін жақсы меңгерген. Демиятпен сөйлесіп, туған жерге деген сағынышым басылады. Ал Мамаду екеуміз бірге тұрамыз. Күнделікті уақытты бірге өткіземіз.

– 99 нөмірлі жейдені таңдапсыз. Санның сыры бар ма?

– Негізі өзіме 4 саны ұнайды. Бірақ бұл нөмір «Қайсардың» тарихына енгендіктен берілмейді екен. Сондықтан амалсыз 99 таңдауға тура келді. Ешқандай сыры жоқ. 99 менің туған жылымды білдіреді.

– Қазақ асханасына үйрендіңіз бе? Қандай ұлттық тағамдардың дәмін таттыңыз? Бразилия асханасынан айырмашылығы көп пе?

– Қазақ асханасымен жақын таныстым. Командадағы әріптесім Нұрымжан Салайдын барлық футболшылардың басын біріктіріп, ауызашар берді. Сол кезде қазақтың ұлттық тағамдарынан ауыз тиюге мүмкіндік болды. Бразилия асханасы негізінен еттен, құс етінен, күріш пен ерекше дәмі бар бұршақ тұқымдастардан тұратындықтан бұл жақтағы тағамдармен ұқсастық көп. Бір байқағаным, мұнда етті көп жейді екен.

– Екі елдің ерекшелігіне тоқталайықшы...

– Бразилия – халық саны бойынша алтыншы, территориясының ауқымдылығы бойынша бесінші ел. Туризмі дамыған десек болады. Шетелдіктерді көп кездестіруге болады. Солардың ішінде көшіп келетіндері, тұрақтап қалатындары да бар. Сондай-ақ бізде футбол бірінші спорт түрі. Тіпті сәби дүниеге келген кезде доп ұстататын ырым бар. Халықтың тең жартысынан көбі футболмен шұғылданады. Ал естуімше, Қазақстанда бокс жақсы дамыған. Жер көлемі үлкен болса да халқы аз екен. Бірақ қонақжайлығы кез келген шетелдікті таңғалдырмай қоймайды. Қазақстанды толық аралағаннан кейін алып-қосарым көбейеді деп ойлаймын.

– Бразилияда футболдың дамығанын білеміз. Аладобы аспандаған мемлекеттің өкілі ретінде қазақ футболына қандай баға бересіз?

– "Қайсармен" ресми 4 ойын өткіздім. Оның екеуі – Қазақстан кубогы аясында өтсе, екеуі – Қазақстан чемпионаты. Деңгей жаман емес. Алаңда жылдам футболшыларды көп кезіктірдім. Жақсы толқын өсіп келеді. Қарым-қабілетін арттыру үшін еуропалық клубтарға ауысу керек. «Қайсардың» өзінде де болашағы зор жергілікті футболшылар бар.

ОКТАГОН ОҒЛАНДАРЫ

Қалың көрермені бар UFC-дың қанаты қазір кеңге жайылған. Октагонда оқ бойы озып, аталмыш спорттың алға жылжуына сеп болған «ТОП-15» спортшының қызықты дерегі кімге болсын қызық. Үздік 15-тің қандай елеулі табыстарға қол жеткізгені туралы тартымды ақпарат ұсынамыз.

35 жастағы Аргентинаның арланы Сантьяго Понзиниббио 77 кило салмақ дәрежесіндегі ең мықты нокаутер деп танылды. Ол 33 кездесуінің 28-ін мерзімінен бұрын аяқтаған екен. Екінші және үшінші орындарда – бразилиялық Висенте Луке мен американдық Хорхе Масвидаль. Алғашқысы 19 (30 кездесу), екіншісі 18 (51 кездесу) қарсыласын есінен тандырды. Төртінші сатыға 15 рет (15 кездесу) айқын жеңіске қол жеткізген Шавқат Рахмонов жайғасты. Осы орайда, қазақ спортшысының жоғарыда есімі аталғандардан әлдеқайда аз бәсеке өткізгенін ескерген жөн. Сондай-ақ Шавқат өз жекпе-жектерінің барлығында жеңіске жетті. Ал Понзиниббио (5 рет), Луке (8 рет) мен Хорхе Масвидальдің (16 рет) бір емес, бірнеше рет жеңілістің кермек дәмін татқанын көзіміз көрді. Осы жағынан алсақ, қандасымыздың өзгелерден көші ілгері екені дау туғызбайды. Өйткені Рахмонов 100 пайыздық көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Сонымен қатар үздіктер тізімінде Гилберт Бернс (25 кездесу, 20 жеңіс, 15 нокаут), Ли Джинглианг (25-18-16), Майкл Кьеза (24-18-11), Хамзат Чимаев (11-11-10), Джефф Нил (18-14-11) және Камару Усман (21-20-10) сынды саңлақтар бар.

ҚАЙСАРДЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ

Футболдан Бірінші лиганың 2-турында қызылордалық "Қайсар" "Яссыға" қонаққа барып, кезекті жеңісіне қол жеткізді.

Қасқырлар ойынның алғашқы бөлігін ширақ бастап, кездесудің 20-минутында есеп ашты. Алаң иелерінің қорғаушысы Аян Құлмағанбетовке қарсы тәртіп бұзып, төреші 11-метрлік айып добын белгіледі. Нүктеге келген Мамаду Диалло мүлт кетпей, "Қайсарды" алға шығарды.

Матчтың екінші жартысында алаң иелері есепті теңестіруге мүмкіндік алды. Алайда ойынға тыңнан қосылған Елжас Алтынбеков 85-минутта гол соғып, "Қайсарға" жеңіс сыйлады.

"Яссы" – "Қайсар" 1:2

Голдар: Мамаду Диалло 20 пенальтиден (0:1) , Әлібек Жұмабек 64 (1:1) , Елжас Алтынбеков 85 (1:2) .

"Қайсар": Салайдын, Жұмаханов, Педро, Горизанов (Бауыржан 71), Құлмағанбетов, Байжанов (Махан 80), Дылевский (Сламбеков 80), Бондаренко, Сахалбаев (Жалмұқан 71), Диалло (Алтынбеков 55), Сидоренко.

ҰЛАНБАТЫРДАҒЫ БҰҒЫ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Грек-рим күресінен Азия чемпионаты мәреге таяды. Айтулы аламанда Қазақстан құрамасы 2 алтын, 5 күміс және 2 қола медальді олжалап, жалпыкомандалық есепте үздіктер қатарына енді.

Ұланбатырда белдескен өрендеріміздің арасындағы ең танымалы Мейіржан Шермаханбет екені даусыз. Моңғолияның астанасында Мейіржан өзінің мықтылығын түбегейлі мойындатты. Тұсаукесер кездесуінде үндістандық Сахин Сахраватты 8:0 есебімен таза жеңді. Жартылай финалда Азия біріншілігінің екі дүркін жүлдегері, өзбекстандық Махмуд Бахшиллоевтан басым түсті – 6:3. Финалда әлем чемпионаты мен Азия ойындарында қатарынан екі мәрте теңдессіз деп танылып, құрлық чемпионатында үш рет топ жарған Рю Хан Сумен күш сынасты. Осыдан тура үш жыл бұрын Азия біріншілігінің ақтық сайысында дәл осы саңлақ біздің Шермаханбетті сан соқтырған еді. Ал бұл жолы қазақтың ұлы Оңтүстік Кореядан келген даңқты балуаннан есе қайтарды.

72 келі салмақтағы Абылайхан Әмзеев пен 82 келі салмақтағы Диас Қален ақтық сынға дейін алқынбай жетті.

Алғашында жапониялық Шого Такахаши мен кореялық Ли Жиюнды жеңген Абылайханның алтын алуға тамаша мүмкіндігі болды. Шешуші кезеңде Мохаммад Реза Мохтариге кесек әдіс қолданып, бірден төрт ұпай еншіледі. Бірақ «ереже бұзды» деген желеумен төрешілер Әмзеевтің қолданған әдісін есепке алмады. Одан кейін Парсы елінің өкілі қателікке бой алдырған жоқ. Қажетті ұпайды қоржынға салған ол жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Бастапқы бәсекелерін өте қарқынды бастаған Диас Қален өзбекстандық Мухаммадқадыр Расуловты 9:1 және жапониялық Юя Окаджиманы 9:0 есебімен ойсырата ұтты. Финалда қазақ жігітінің жолы Расул Садег Гармсиримен қиысты. Бұл тартыс бір ғана ұпай айырмашылығымен Иран өкілінің пайдасына шешілді – 3:4.

60 келі салмақтағы Ернұр Фидахметов қола медальді иеленді. Жартылай финалда ол әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, Әлем кубогының иегері, қырғызстандық Жоламан Шершенбековке есе жіберсе, үшінші орын үшін тартыста моңғолиялық Балжинниям Цевеенравдан айласын асырды. 97 келі салмақтағы Санжар Серікханның да қола медаль алуға мүмкіндігі болды. Бірақ шешуші тұста ол Күншығыс елінің өкілі Такакиро Цурудаға жол берді.

Осылайша Ұланбатырда белдескен 10 жерлесіміздің тоғызы жеңіс тұғырына көтерілді.

Ұланбатырдағы Азия чемпионатында небәрі жеті мемлекеттің грек-рим күресі шеберлері ғана жеңіс тұғырына көтерілді. Олар – Иран (4 алтын+1 күміс+2 қола), Қырғызстан (3+0+3), Жапония (1+0+5), Өзбекстан (0+2+3), Оңтүстік Корея (0+2+1) және Үндістан (0+0+4) құрамалары.

ВОЛЕЙБОЛДАН СЫНҒА ТҮСТІ

Қармақшыда Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, ардагер ұстаз Атабаев Еркін Оразбекұлының жүлдесіне арналған волейболдан қыздар арасындағы аудандық ашық турнир өз мәресіне жетті.

Спорттық іс-шараның негізгі мақсаты – аудан тұрғындары арасында саламатты өмір салтын насихаттау, волейбол ойынын кең көлемде дамыту.

Аудандық ашық біріншілікке Байқоңыр қаласы, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш, Қазалы, Арал, Қармақшы аудандарынан 15 команда 150-ге жуық жасөспірім қатысты.

Нәтижесінде I орынды Шиелі, II орынды Жаңақорған, III орынды Сырдария ауданы еншіледі.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

«ТАҢШОЛПАНДА» ТОП ЖАРҒАНДАР

Облыста өнерлілер аз емес. Атақты әнші де, биші де Сыр өңірінің тумасы. Оған дәлел іздеудің қажеті жоқ. Мәселен, «Super Star» бағдарламасы талай қызылордалықтардың бағын ашты. Бүгінде олар үлкен танымалдылыққа ие. Осындай өнерлі жастарды үлкен сахнаға жетелейтін жобалар саны күн санап артып келеді. Жұлдыздардың бағын жандыратын осы байқаулар. Жақында облыстық «Qyzylorda» телеарнасы «Таңшолпан» телебайқауын өткізді. Дәстүрлі телебайқау «Балалар жылы» аясында жалғасын тапты.

«Таңшолпан» телебайқауының тарихы 1996 жылдан бастау алады. Танымал әншілер Гүлхан Сіргебаева, Гүлнұр Оразымбетова, Алмас Кішкенбаев, Тахауи Рахметов осы байқаудан түлеп ұшқан. Араға жылдар салып, былтыр Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай бағдарлама қайта экранға шығып, жалғасын тапты.

Биылғы байқаудың ерекшелігі екі жанрда өтті. Ән және би жанры. Балалар жас ерекшеліктері бойынша бақ сынады.

– Облыс бойынша бағдарламаның іріктелуіне 500-ге жуық бала қатысып, оның ішінде 64-і жартылай финалға өтті. Бұл ән жанры бойынша. Ал би жанрынан 28 би тобы жартылай финалға өтіп, өнер көрсетті. Осы 64 қатысушының ішінен іріктеліп, таңдалып, үздік деп сараланған конкурсанттар ақтық кезеңге өтті. Ақтық кезең ән жанры бойынша екі турдан тұрды. I, II тур супер финал. Ән жанры бойынша өнер көрсеткен 28 қатысушының ішінен 17-сі суперфиналға өтті. Би жанры бойынша 28-дің 17-сі жартылай финалдан өтті. Оның 9-ы жүлделі орындарға ие болды. Бұл жерде екі бағыт бойынша жүлделі орындар тағайындалды. Мәселен, 12-15 жас, 16-18 жас мөлшеріндегі жасөспірімдер сайысқа түсті. Байқаудың басты талаптары – қазақ және әлем композиторларының әнін орындау, әлемдік хиттерді шырқау. Би жанры бойынша басты талап – заманауи биді орындау, – деді «Таңшолпан» телебайқауының продюсері Әсия Нұрлыбайқызы.

Ән жанры бойынша Қарақат Базарбай гран при иеленді. I орынға Батыржан Амангелдиев пен Саят Сарманбек лайықты деп танылды. Қазылар алқасының шешімімен Медет Бақытұлы мен Сәуле Қайып жүлделі II орынды жеңіп алды. Ал III орынды Ескендір Ералы, Айсұлу Рахатова, Нұрдос Досболов, Жанерке Мүсілімова иеленді. Сондай-ақ «Әлемдік әнді жақсы орындағаны үшін» номинациясымен Аруназ Сағынтай, «Ерекше артистік қабілеті үшін» Нұрсардар Нұрдулла, «Көрермен көзайымы» Ақбота Серікқызы, «Үміт» номинациясымен Ерқанат Қалмен марапатталды.

Облыстық байқауға Рамазан Тайманов, Ғалым Елубаев, Сәбит Лұқпанұлы, Гауһар Бисекенова, Руслан Садықов секілді танымал тұлғалар жетекшілік етті. Әр ауданнан келген қатысушылар өз өнерін көрсетіп, ақтық сынға жолдама алды. Барлығының жеңімпаз болмайтыны анық. Десе де жүзден жүйріктер іріктелді. Солардың бірі ән жанры бойынша гран при иегері– Қарақат Базарбай.

– Конкурс жайлы ең бірінші жетекшімнен естідім. Қатысуға деген ықыласым жоғары болды. Өнер көрсетіп, бас жүлдені иеленемін деген ой болған жоқ. Десе де ата-анамның, достарымның маған деген сенімі жеңіс тұғырынан көрінуге сеп болды. Жеңімпаздарды жариялап жатқан кездегі қуанышым, ата-ана, ұстаз үмітін ақтағанымды жүрекпен сезінген сәтім ерекше болды. Байқау әділ өтті. Өнерімді жоғары бағалап, маған дауыс берген қазылар алқасына алғыс білдіремін. Телебайқау өткізіледі дегенді бір ай бұрын естідім, сол уақыттан бастап қызу дайындыққа кірісіп кеттік. Күн-түн демей дайындалып, өзімді шыңдай бердім. Жетекшім – Бағдагүл Есмұрзаева. Ол кісі маған барлық жағынан көмектесіп, қолдады. Іріктеуді қосқанда барлығы 4 турдан өттік. Олар – іріктеу, жартылай финал, финал, суперфинал, – дейді №3 IT мектептің оқушысы Қарақат Базарбай.

Би жанрына келер болсақ, гран приді «Арайлым» би тобы иеленді. Өнер додасында бақ сынаған «Aqmaral» би студиясымен «Сыр гүлі» би тобы I орын иеленді. II орынды «Алтын арай», «Час Пик» би топтары, «Реверанс» би ансамблі қанжығасына байлады. III орынды «Samruk dans», «Алтын алаң», «Ақтолқын», «Жұлдызай» би тобы еншіледі. Сондай-ақ «Реверанс» би тобы (12-15 жас) «Көрермен көзайымы» номинациясымен марапатталды.

Телебайқаудың мақсаты – облыстың түкпір-түкпірінен келген талапкерлердің өнерін қолдау, қарым-қабілетін байқап, шығармашылығын шыңдау. Қазылар алқасының төрайымы Перуза Арғынбаева қатысушылардың жылдан-жылға көбейіп келетіндігін алға тартты. «Конкурстың аты – конкурс. Барлығы өзінің қолынан келгенін жасады. Заманауи, эстрадалық әндердің өзінің мәнерінде, ерекше орындалуына қарай бағаладық. Барлық елді-мекеннің балаларын шығаруға тырыстық, бізде өнерлі балалар көп», – дейді байқаудың көркемдік жетекшісі.

Шығармашылық жастарды шыңдау мақсатында көптеген мегажобалар өткізілуде. Оның ішінен іріктелген жастар республикада өнерін жандандырып, Сыр елін паш етуде. Мықтыдан кіл мықты іріктелген байқау алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдеміз. Әр қатысушының көңіл-күйі ерекше. Бұл жобаға ықылас білдіріп, ризашылық танытып жатқандары да қаншама. Таланттарды танытып жатқан «Таңшолпан» телебайқауының жеңімпаздарын құттықтаймыз!

Мөлдір САБЫРЖАН

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

„АЛТЫН САҚА“ ОБЛЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1.БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырады

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді.Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылу керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ енімен тегістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титулды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілу қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

JULDYZ – JORAMAL

(28 сәуір – 4 мамыр)

Тоқты
Әрбір істе сізді сәттілік күтіп тұр, тек өзіңіз білмейтін іске араласпаңыз. Өз күшіңіз бен мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағалаңыз. Өзіңізге деген шектен тыс сенімділіктің салдарынан қиындықтар туындауы мүмкін.

Торпақ
Жеке басыңызды ғана ойлап, өз ісіңбен ғана айналыспауға тырысыңыз. Жақындарыңыз бен достарыңызбен араласу үшін де уақыт қалдырыңыз. Сіздің немқұрайлығыңыздан қиналатын жақындарыңызды бір сәт ойлаңыз.

Егіз
Дұшпаныңыз сізді аяқтан шалуға тырысқанмен өзі ыңғайсыз жағдайға қалуы мүмкін. Ал сіз өш алуға тырыспаңыз, сонда өзіңізді жақсы жағынан көрсетіп, абыройыңызды арттырасыз. Кәсіби салада өзгерістер болуы мүмкін. Ынтаңыздан айырылмаңыз, алған бетіңізден қайтпаңыз.

Шаян
Күйгелектік пен жабырқаулы көңіл-күйіңізді ескермесек, денсаулығыңыз жақсы деуге болады. Оны қалай нығайту керегін ойлаңыз. Аптада өзгерістер болып, жаңа адамдармен танысуыңыз мүмкін.

Арыстан
Сізді сәттілік күтіп тұр, тек күшіңізді дұрыс бағалап, серіктесіңіздің мүмкіндіктерін де ескеріңіз. Өзіңізге тым сенімді не сенімсіз болсаңыз, қиындықтар туындауы мүмкін. Жұлдыздар уақытты үйден тыс жерде, театрда немесе достарыңыздың үйінде өткізуге кеңес береді.

Бикеш
Таныстықтар мен шығармашылық кездесулер үшін қолайлы сәт. Сізді, көзқарастарыңызды қолдайтын адаммен сөйлесуге тырысыңыз. Соның нәтижесінде шығармашылық әлеуетіңіз артады.

Таразы
Сізде зерігу, қанағатсыздық, ашушаңдық сынды сезім пайда болуы мүмкін. Ұрыс пен жанжал да орын алуы ғажап емес. Бойыңыздағы қырсықтық, менмендік, екіжүзділік сынды жағымсыз қасиеттерге көңіл бөліп, олардан арылуға тырысыңыз.

Сарышаян
Қаржылық операция үшін қолайлы уақыт. Мәмілеге келіп, басшылыққа адал болсаңыз, табыс табасыз. Жаңа серіктестер пайда болуы мүмкін. Жаңа табыс көзін табуыңыз ықтимал.

Мерген
Маңызды шаруаларды апта аяғына қалдырыңыз, сонда тепе-теңдік орнап, бәрі жақсы шешіледі. Апта ішінде жаттығу жасаған пайдалы. Жұлдыздар таза ауада серуендеуге, жұмысқа жауапкершілікпен қарауға кеңес береді.

Тауешкі
Жаңа таныстықтар орнатып, шығармашылық кездесулер мен ойдағыны жүзеге асыру үшін таптырмайтын сәт. Қысқа уақытқа болса да қаржылық жағдайыңыз жақсарып, ісіңіз ілгері басады.

Суқұйғыш
Махаббат, кешірім, тәубеге келу аптасы басталды. Ғибадатханаға барған жөн. Өзіңізді кінәлі сезінсеңіз, кешірім сұраңыз, сізді ренжіткен адамды кешіріңіз. Аптада қиындықтарға қатты мән бермеуге кеңес беріледі.

Балық
«Жұмыс, қызмет» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан жасқанбай, батылырақ болыңыз. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, іске асырыңыз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға ұмтылған артық емес.

Кезекші редактор: Дина БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тапсырыс: 656